



АҚОРДА

# СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРГЕН САПАР

Ақордада елімізге ресми сапармен келген Чех Республикасының Премьер-министрі Андрей Бабишті қарсы алу рәсімі өтті.

Салтанатты шарала Қасым-Жомарт Тоқаев пен Андрей Бабиш бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет карауылының бастығы рапорт берген соң Қазақстан мен Чехияның әнұрандары орындалды.

Одан кейін Қазақстан Президенті мен Чехия Премьер-министрі келіссөз өтетін залға барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Андрей Бабишке ілтипат білдіріп, Қазақстан жұртшылығы оны Чех Республикасында ғана емес, Еуропаға белгілі саяси қайраткер ретінде жақсы білетінін жеткізді.

— Екі ел арасында бұрыннан тығыз әрі достық қарым-қатынас орнаған. Сауда-саттық табысты дамуда. Қос халықтың бір-біріне құрметі зор. Ірі халықаралық құрылымдар шеңберінде бірлесе әрекет етіп келеміз. Бұл — өте маңызды. Елшіліктеріміз белсенді жұмыс істеп тұр. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Өзіңізбен бірге чех кәсіпкерлерінен құралған үлкен делегация алып келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Кеше Астанада бизнес-форум өтті. Оның нәтижесі елдерімізге пайдалы болады деп ойлаймын. Өз тарапымынан сан қырлы ынтымақтастығымызды одан әрі дамытуға бар күшімді саламын, — деді Президент.

Андрей Бабиш қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын



білдіріп, еліміздің түрлі салада жеткен жетістіктеріне жоғары баға берді.

— Қазақстан — Орталық Азиядағы аса маңызды мемлекет. Сондықтан осынау ғажап елге сапармен келу — мен үшін зор мәртебе. Жақында жана Конституция қабылдадыңыздар. Құтты болсын! Сіздердің бұл бағыттағы тәжірибелеріңіз бізге де пайдалы болады деп есеп-

теймін. Қазақстанға келу көптен бергі арманым еді. Өйткені мен университетті аяқтағаннан кейін, яғни 1978 жылы Шымкент және Жамбыл (Тараз) қалаларымен өзара байланыс орнатқан департаментте жұмыс істедім. Қазақстан — энергетика саласында аса үлкен орны бар ел, әлемдегі уран өндіретін ірі мемлекеттердің қатарына кіреді. Бүгінде атом электр стан-

цияларының маңызы арта түсті. Сол себепті осы салада келісімге келгенімізге қуаныштымын. Қазақстанның жасанды интеллект бағытындағы жетістіктері таңғаларлық. Екі елге ортақ дүние көп. Чехия мен Қазақстан үкіметтері өзара ынтымақтастықты одан әрі ілгерілету үшін аянбай еңбек етеді деп ойлаймын, — деді ол.

### ЕКІ ЕЛ БАСШЫЛАРЫ КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Екі ел делегацияларының қатысуымен өткен келіссөз барысында Президент өзара ықпалдастықты одан әрі нығайтудың әлеуеті мол екеніне тоқталды.

— Екіжақты саяси ынтымақтастық пен экономикалық қарым-қатынастың болашағы зор деп санаймын. БҰҰ, ЕҚЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдар аясындағы миссияларымыз тығыз жұмыс істеп, диалогты тұрақты түрде сақтап келеді. Көптеген бағыт бойынша байланыстарымызды дамытуға мүмкіндік жеткілікті, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Чехияның сындарлы әрі прагматикалық сыртқы саясатына жоғары баға берді. Президенттің айтуынша, екі ел арасындағы саяси диалог сан қырлы серіктестікке қолайлы жағдай жасайды. Парламентаралық ықпалдастық қарқынды дамып келеді.

Мемлекет басшысы Чехия Қазақстанның Еуропа Одағындағы негізгі сауда серіктестерінің бірі екеніне назар аударды.

— Тауар айналымының динамикасы көңіл көншітерліктей. Әрине, біз алдағы уақытта да сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге ниеттіміз. Бүгінде елімізде 190-нан астам чех компаниясы жұмыс істеп жатыр, соның ішінде Škoda, Omnipol, Tatra және ZVVZ секілді маңдайлы кәсіпорындар мен басқа да өндіріс саласындағы сенімді әріптестеріміз бар. Бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік мол, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

### ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Беларусь Президенті Александр Лукашенкомен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында президенттер Қазақстан мен Беларусь арасындағы қарым-қатынас жүйелі түрде дамып келе жатқанын атап өтіп, ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша оң динамика байқалатынын атап өтті.

Мемлекеттер басшылары сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты одан әрі кеңейту мүмкіндіктерін талқылады.

Тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасып, алдағы бірлескен іс-шаралардың кестесін қарастырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Лукашенконы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысына және Еуразиялық экономикалық форум жұмысына қатысуға шақырды. Аталған жиындар мамыр айының соңында Астана қаласында өтеді.

# ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРБЕСТІКТІ НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев NVIDIA компаниясының жаһандық жасанды интеллект инфрақұрылымын дамыту жөніндегі вице-президенті Николо Мартин Капрезбен, сондай-ақ FIREBIRD AI компаниясының негізін қалаушылар Размиг Берг Овакимянмен және Александр Есаянмен кездесті.

Әңгімелесу барысында ЖИ-инфрақұрылымын жобалау, салу және пайдалану бағытындағы серіктестік перспективасы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан алдағы үш жылда толық цифрлық елге айналуы көздеп отырғанын жеткізді. Президенттің айтуынша, NVIDIA технологиясы негізінде суперкомпьютер кластерлерін іске қосу аталған мак-



сатқа жету және елдің технологиялық дербестігін нығайту ісіндегі маңызды кадам болды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Екібастұз қаласында Деректерді өңдеу орталығы алқабын құру бойынша стратегиялық жоба қолға алынғанына тоқталды. Онда есептеу инфрақұрылымын дамытқысы келетін инвесторларға қолжетімді электр энергиясы, телекоммуникация

желісі және салық жеңілдіктері қарастырылады.

Өз кезегінде NVIDIA және Firebird AI өкілдері Арменияда осыған ұқсас жобаны жүзеге асырып жатқаны жайында айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев пен компания өкілдері ЖИ-экожүйесін дамыту бағытындағы бірлескен бастаманы іске асыру мүмкіндіктерін зерделеуге келісті.

### ТАТУЛЫҚТЫҢ ТАМЫРЫ – МӘДЕНИЕТТЕ



### АЛАШ ПЕН ЖАПОН АРАСЫ



### ТАҒДЫР ТОҒЫСТЫРҒАН ТАҒЫЛЫМ



30 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

АҚОРДА

# СЕРІКТЕСТІККЕ СЕРПІН БЕРГЕН САПАР



(Басы 1-бетте)

Өз кезегінде Андрей Бабиш бүгінгі сапар екіжақты қарым-қатынастың жаңа кезеңіне жол ашатынын айтты.

— Біз Қазақстанды стратегиялық серіктес санаймыз. Бірлескен күш-жігердің арқасында екіжақты тауар айналымының көлемін арттырамыз деп сенемін. Ең алдымен, энергетика саласындағы ықпалдастықты нығайтқымыз келеді. Сіздің елден ұзақмерзімді мұнай тасымалына мүдделіміз. Энергетика саласын дамыту стратегиямыз атом энергиясына арқа сүйейді. Сондықтан Қазақстанға әлемдегі уран өндіретін ірі мемлекет ретінде де қызығушылық танытамыз, — деді Чехия Премьер-министрі.

Чех Үкіметінің басшысы Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігі қуат өндірудің әртараптырылған тәсіліне негізделгеніне мән берді. Сондай-ақ ол чех компанияларының аталған салада бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін растады.

Андрей Бабиш Қасым-Жомарт Тоқаевты жана Конституция қабылдау бойынша референдумның табысты өтуімен құттықтап, бұған мемлекеттілікті нығайтатын және елді жарқын болашаққа жетелейтін маңызды қадам ретінде баға берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Андрей Бабиш өнеркәсіп, мұнай-газ, атом энергиясы, көлік-логистика, қорғаныс өнеркәсібі, цифрландыру, ауыл шаруашылығы және денсаулық сақтау салаларындағы

өзара ынтымақтастық перспективаларын талқылады.

Әңгімелесу барысында екі ел арасындағы қарым-қатынас тек экономикамен шектелмейтіні, ортақ тарихи оқиғалар мен мәдени-гуманитарлық байланыстарға негізделетіні жайында айтылды.

Мемлекет басшысы қазақ даласына Пржевальский жылқыларын қайта жерсіндіруді көздейтін бірегей жобаға атсалысқаны үшін чехиялық әріптестеріне ризашылығын білдірді. Президент Өңірлік экологиялық саммитте бұл бастаманы еліміздің биоаулантүрлілікті сақтау саласында жеткен жетістіктерінің бірі ретінде атаған болатын.

Премьер-министр Қазақстан азаматтарына виза режимін жеңілдету мәселе-

сіне Чехияның екіжақты деңгейде және Еуропа Одағы аясында ықпал етуге ниетті екенін жеткізді.

Келіссөз қорытындысы бойынша тараптар жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты іске асыру үшін жобалар тізімін әзірлейді.

Андрей Бабиш Қасым-Жомарт Тоқаевты өзіне ыңғайлы уақытта Чехияға сапармен келуге шақырды. Мемлекет басшысы бұл ұсынысты ықыласпен қабыл алды.

## БЕРІК ДОСТЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН СИМВОЛЫ

Президент Чехия Премьер-министрі І дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. Қасым-Жомарт Тоқаев Андрей

Бабишке бұл мемлекеттік награда Чехия мен Қазақстан арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін табысталғанын айтты.

— Сіз Қазақстанның сенімді досы әрі халықаралық деңгейдегі көрнекті мемлекет қайраткерісіз. Екіжақты қарым-қатынасты табысты дамытуға бағытталған сындарлы ұстанымыңызды жоғары бағалаймын. Сіз өзара ықпалдастықты ілгерілету жолында аянбай еңбек етіп келесіз, сол себепті байланыстарымыздың келешегіне сеніммен қараймыз. Елдеріміз арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға зор үлес қосқаныңыз үшін Сізге І дәрежелі «Достық» орденін табыстау туралы шешім қабылдадым. Бұл жоғары марапат қазақ-чех берік достығының жарқын символына айналды. Серіктестігіміз болашақта да жанданып, нығая беретініне сенімдімін, — деді Президент.

Андрей Бабиш жоғары мемлекеттік наградамен марапаттағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдірді.

— Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың нәтижелі дамып келе жатқанына шынайы қуаныштымын. Саяси диалогтымыз ашық әрі сындарлы сипатқа ие. Халықаралық аренадағы ықпалдастығымыз тұрақтылыққа, бейбітшілік пен серіктестікке бейіл екенімізді көрсетеді. Чех Республикасы Қазақстанның әлемдік аренадағы сенімді әріптесі екенін мақтан тұтады. Президент мырза, осы жоғары марапатқа лайық көргеніңіз және халықаралық серіктестік пен диалогты нығайтуға зор үлес қосқаныңыз үшін алғыс айтамын. Алдағы уақытта да халықтарымыз арасындағы достықты тереңдету, әлемде тұрақтылық орнату жолында қызмет ете береміз деп сенемін, — деді Чехия Премьер-министрі.

## СЕНАТ



# ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ОРТАҚ МІНДЕТ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының директоры Мария Телалианмен кездесті.

Кездесуде тараптар Қазақстан мен ДИАКБ-ның демократияландыру, адам құқықтарын қорғау және заң үстемдігін қамтамасыз ету салаларындағы ынтымақтастық перспективаларын талқылады. Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Мемлекет басшысы бастамашы болған конституциялық реформаның іске асырылу барысына назар аударды. Сенат Төрағасы жаңа Конституция қабылдауға байланысты өткен республикалық референдумның қорытындысы қоғам Қасым-Жомарт Тоқаевтың елді жаңғыртуға бағытталған бағдарын бірауыздан қолдайтынын растағанын атап өтті.

«Реформаның негізгі мақсаты — елдің саяси жүйесін кешенді түрде жаңғырту. Бұл геосаяси турбуленттілік, түрлі үрдіс пен цифрлық трансформация жағдайында тиімді жұмыс істей алатын заманауи әрі орнықты басқару жүйесін қалыптастыруды көздейді. Сондықтан жаңа Конституция — қазіргі сын-қатерлерге берілген дер кезінде әрі стратегиялық жауап. Сондай-ақ елдің орнықты, серпінді және ұзақмерзімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық қадам», — деп Сенат Төрағасы елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси салаларда жүргізіліп жатқан өзгерістерге жан-жақты тоқталды.

Мәулен Әшімбаев ДИАКБ-ның сараптамалық қолдауын жоғары бағалап, сайлау жүйесі-

сін дамыту жолындағы миссиялардың ұсынмдары маңызды екенін айтты. Қазақстанның тең құқылы серіктестікке және өзара іс-қимылды одан әрі нығайтуға бейіл екендігі де сөз болды.

Осыған байланысты Сенат Төрағасы Қазақстанның ЕҚЫҰ-мен өзара іс-қимылын күшейту маңызды екенін айтып, ДИАКБ желісі бойынша бірлескен жұмысты жандандыруға Сенаттың дайын екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ол қазіргі геосаяси турбуленттілік жағдайында өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Ұйым мен Хельсинки қорытынды актісінің стратегиялық мәніне назар аударды.

Өз кезегінде ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының директоры Мария Телалиан Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан реформаларға қатысты пікір білдірді.

Тараптар сондай-ақ RES 2026 Өңірлік экологиялық саммитінің қорытындыларын талқылап, Орталық Азиядағы климаттық күн тәртібін іске асыруда парламенттік дипломатияның рөліне тоқталды. Әңгімелесушілер Сенат пен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы бірлесіп ұйымдастырған дөңгелек үстелдің маңызын атап өтіп, өңірдің орнықты дамуын қамтамасыз ету жолындағы ортақ міндеттерді айқындады.

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының отандық фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде Отандық кәсіпкерлер кеңесі отырысын өткізді.

# ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ



Жиынға мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ҰҚП басшылары, салалық қауымдастықтар мен бизнес өкілдері қатысты.

Отырыс барысында Премьер-министр Олжас Бектенов отандық денсаулық сақтау, фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық экономиканың тұрақтылығына тікелей әсер ететінін атап өтті.

«Адамға бағдарланған мемлекет қағидаты Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен қабылданған жана Конституцияның негізгі өзегіне айналды. Яғни, адам капиталын дамыту мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде танылды әрі ол Ата заңда нақты бекітілді. Бұл, өз кезегінде отандық денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамыту үшін де тың тәсілдерді талап етеді», — деді Олжас Бектенов.

«Атамекен» ҰҚП төралқа төрағасы Қанат Шарлапаевтың айтуынша, бүгінде елімізде 209 отандық өндіруші тіркелген, оның 43-і дәрілік заттар өндірісімен, 166-сы медициналық бұйымдар шығарумен айналысады. Қазір 31 қазақстандық тауар өндірушімен 2 мыңнан астам фармацевтикалық өнім түрін жеткізу бойынша 83 ұзақмерзімді шарт жасалған. 2025 жылғы желтоқсаннан бері 316,3 млрд теңге болатын 6 инвестициялық жоба іске қосылды, нәтижесінде 400-ге жуық дәрілік зат түрін шығару, 1,1 мыңнан астам жұмыс орнын құру және экспорттық әлеуетті кеңейту көзделген.

Үкіметтің қолдауымен уәкілетті органдармен бірлесіп, бағаны кезең-

кезеңімен реттеу бойынша жұмыс жалғасуда. Бүгінде бұл шара рецептсіз сатылатын 2,5 мыңға жуық дәрі-дәрмекті қамтыды, сондай-ақ құны 1 АЕК-ке дейінгі тағы 1,8 мың рецепт арқылы берілетін дәрі-дәрмек бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді. Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің талдауына сәйкес, биылғы I тоқсанда 631 дәрі-дәрмек түрі бойынша баға орта есеппен 24,6%-ға төмендеген. Сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды «бір терең» қағидаты бойынша тіркеуді жеделдету тетіктері пысықталуда, бұл олардың нарыққа шығу мерзімдерін қысқартуға мүмкіндік береді.

Дәрілік заттардың бағасын реттеу мәселелері бойынша фармацевтикалық қызметті қолдау және дамыту қауымдастығы түріндегі заңды тұлғалар бірлестігінің басшысы Марина Дурманованың баяндамасы тыңдалды. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2025 жылы елімізде фармацевтикалық өнім өндірісінің көлемі 191,1 млрд теңгені құрады, 2024 жылмен салыстырғанда өсім 8,7%-ға артқан. Нарықтық ерекшеліктерді ескере отырып, отандық препараттарға баға белгілеу жүйесін жетілдіруге қатысты ұсыныстар айтылды. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесін реформалау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып, ашықтыққа, дәрі-дәрмек құнын төмендетуге және цифрлық технологияларды енгізуге баса назар аударылып отырғанын атап өтті.

Ұзақмерзімді шарттар бойынша 5 мыңнан астам позиция қайта есептелді және өткен жылдың шілдесінен бастап жаңа бағалар белгіленді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша қабылданған шаралар есебінен бірінші дистрибьюторды сатып алу кезінде шамамен 75 млрд теңге көлемінде бюджет қаражатын үнемдеуге қол жеткізілді.

Премьер-министр Олжас Бектенов фармацевтикалық өнім өндірісін ұлғайту, технологиялар трансфері, халық үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бағыттарында мемлекет пен бизнестің бірлескен жұмысының қажеттілігіне назар аударды.

«Отандық өндірушілерді қолдау басымдыққа ие болуы керек және бұл барлық салаға қатысты. Біз барлық бағытта, соның ішінде медициналық техника және дәрілік заттармен өзін-өзі қамтамасыз ету бойынша жұмыс істеуіміз қажет. Бұл — маңызды мәселе. Үкімет кәсіпкерлік қызметті реттеу саясаты аясында бақылау және әкімшілік жүктемелі азайту, сондай-ақ бизнестің мемлекеттік қолдау шараларына қолжетімділігін кеңейту жұмыстарын жалғастырады. Өз кезегінде, бизнес тарапынан әлеуметтік жауапкершілікпен қатар, халықтың кен ауқымы үшін қолжетімді бағада қауіпсіз дәрі-дәрмек фармацевтикалық өнімдермен қамтамасыз ету бағытында нақты қаламдар қажет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді.

# ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру, педагог мәртебесі мен білім беру мәселелері туралы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар қызметі туралы заң екінші оқылымда қабылданды.

Атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар жобасына Мәжіліс депутаттары бастамашы болды. Заң жобасын Мәжіліс депутаты, бастама авторларының бірі Дмитрий Колода таныстырды.

— Заң жобасында 2025 жылы «Қазақстандағы жеке сот орындаушылары институтын дамытудың проблемалары мен перспективалары» тақырыбында өткен Үкімет сағатының қорытындысы бойынша Мәжіліс депутаттары берген ұсынымдар ескерілген. Қарастырылған өзгерістер атқарушылық іс жүргізуде азаматтардың құқығын қорғауды нығайтуға, жеке сот орындаушыларының кәсібилігін, жауапкершілігін арттыруға және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіруге бағытталған, — деді Дмитрий Колода.

Атап айтқанда, өндіріп алудың жеңілдетілген тәртібі кеңейтіліп, оның шегі 20-дан 40 АЕК-ке дейін ұлғайтылады. Бұл азаматтардың қосымша шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Әділет министрлігіне өндіріп алынған қаражатты өндіріп алушыларға аударудың нақты мерзімдерін айқындау құзыреті беріледі, оның ішінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс жүргізілетін істер де бар.

Сонымен қатар сот орындаушылары борышкерлерге дайындалуға және басқа баспана табуға уақыт беру үшін оларды үйден шығару туралы кемінде 10 күн бұрын хабарлар етуге міндетті болады. Бұл ретте құжатты соғары болып орындап, іс жүргізуді тоқтатқан сот орындаушысына бұрын салынған барлық тыйымның күшін жою құқығы беріледі. Ал егер мәжбүрлеп орындау шараларын ұсыну мерзімі өтіп кетсе, олардың барлығының күшін жоюды қарастыратын норма енгізіледі.

Жеке сот орындаушыларының кәсібилігі мен жауапкершілігін арттыру үшін депутаттар заңнама мен Кәсіби ар-намыс кодексінің білу деңгейін тексеретін міндетті аттестаттауды енгізуді ұсынды. Сондай-ақ олардың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілеріне қойылатын талаптар күшейтіледі. Әділет органдарының жеке сот орындаушыларының қызметін бақылауға қатысты өкілеттіктері де кеңейтіледі, тексеру нәтижелері бойынша олар бұзушылықтарды жою туралы ұсыным түзуге алады, ал оны орындамау лицензияны тоқтата тұруға негіз болады.

Атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру аясында тәркіленген мүлкті электронды саудада сату процедурасына өзгерістер енгізу ұсынылып отыр. Сондай-ақ сот орындаушысының іс-әрекетіне шағымдану тәртібі қайта қаралып, құжаттарды басқа атқару округіне негізсіз жіберу тәжірибесі алынып тасталады.



Баяндамадан кейін депутаттар баяндамашы мен құзырлы мемлекеттік орган өкілдеріне сұрақ қойды. Атап айтқанда, заң жобасында өндіріп алушылардың қаражаттын орынсыз пайдалануды болдырмайтын нормалардың жоқтығын тілге тиек етті, жеке сот орындаушыларының бұл қаражатты мақсатты пайдалануын бақылайтын қандай тетіктер қарастырылғанын нақтылады. Жеке сот орындаушылары сыбайлас жемқорлық субъектілері деп тану, мемлекеттік Алимент қорын құру және алимент бойынша өсіп жатқан қарыз мәселесін шешудің нақты мерзімін белгілеу мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар депутаттар жеке сот орындаушыларын жаңаша аттестаттау тәртібіне, оны ұйымдастыруға жауапты органға және бұл талаптардың қазіргі жұмыс істеп жүрген мамандарға қатыстылығына тоқталды.

Талқылау қорытындысы бойынша депутаттар заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Құжатты талқылау Дмитрий Колоданың жетекшілігімен өтетін жұмыс тобының отырыстарында жалғасалды.

Сондай-ақ бірінші оқылымда педагог мәртебесі мен білім беру мәселелері бойынша заң жобасы және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ілеспе өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасы мақұлданды. Ұсынылып отырған нормалармен құжат авторларының бірі, Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов таныстырды. Өзгерістердің бірінші блогы педагогтердің құқықтарын қорғауға бағытталған.

— Біз енді заңға нақты норма енгіземіз. Педагог балалардың өмірі мен денсаулығы үшін тек оқу-тәрбие процесі кезінде және тек өзінің лауазымдық міндеттері аясында ғана жауапты болады. Жазғы демалыс — ата-ананың жауапкершілігі. Түнгі уақыт — ата-ананың жауапкершілігі. Демалыс күндері — ата-ананың

жауапкершілігі. Енді ешқандай екіұдай түсінік болмауға тиіс. Осылайша, біз педагогтерді қорғаймыз, — деп атап өтті депутат.

Сонымен қатар педагогтердің бір мезгілде қағаз және электронды форматта есеп жүргізуіне тыйым салынады. Мектеп оқушылары үшін смартфон пайдаланудың бірінші ережесі жасалды. Ал кез келген шетелдік жоғары оқу орнынан (әлемдік жетекші университеттерді қоспағанда) педагогикалық мамандыққа ауысқан кезде ҰБТ және бейіндік емтихан тапсыру міндетті болады.

Басқа бағыт аясында жоғары медициналық білім беру жүйесі жетілдірілуде. Негізгі мақсат — маман даярлау сапасын арттыру, олардың денсаулық сақтау жүйесіне келуін жеделдету және кадр тапшылығын азайту. Ұсынылған өзгерістер интеграцияланған медициналық білім беру моделіне көшуге негізделген. Аталған модель бойынша, ЖОО-да 6 жыл оқу және ауруханада 1 жыл толыққанды интернатурадан өту қарастырылған. Содан кейін түлек жалпы практикалық дәрігер болып жұмыс істей алады.

Бұл ретте Асхат Аймағамбетов атап өткендей, интернатура іс жүзінде клиникалық тәжірибенің кезеңіне айналады. Онда тәлімгердің тұрақты бақылауы, нақты белгіленген жауапкершілік деңгейі, еңбек тәртібі қамтылады, медициналық цифрлық жүйелер қолжетімді болады. Сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігі медициналық жоғары оқу орнында, соның ішінде шетелдік студенттер мен ақылы бөлімдерге қабылдауды реттейтін нақты құралдарға ие болады.

Бұған қоса, Үкіметтің бастамасымен заң жобасы елімізде жетекші шетелдік университеттердің қызметінің тиімді болуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған құқықтық реттеуді енгізеді.

Филиалдар нақты талаптар сақталған жағдайда ашылады, білім мазмұны Қазақстанның мемлекеттік стандарттарынан төмен болмауына назар аударылады. Филиал тек бас университеттің ресми шешімі негізінде ашылып, оның дипломы мәртебесі мен танылуы жағынан бас университет дипломымен толық тең болады.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Жанарбек Әшімжанов қосымша баяндамасында бірқатар қосымша ұсыныс жасалғанына тоқталды. Атап айтқанда, мектеп оқушыларының ғылыми қызметке жергілікті атқарушы органдар деңгейінде қатысуы, «академиялық адалдық» ұғымын моральдық-этикалық норма ретінде заңнамалық тұрғыда бекіту, сондай-ақ мемлекеттік мектеп педагогтерін мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларына тартуға жол бермеу нормасын балабақша, колледж және өзге де мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне тарату ұсынылған.

Талқылау барысында депутаттар интернатураларды даярлайтын медициналық ұйымдарға қойылатын талаптар, тәлімгерлер санының жеткілікті болуы және білім алушылардың ықтимал дәрігерлік қателері үшін жауапкершілікті жіктеу мәселелерін көтерді. Сонымен қатар мектептерде ұялы телефон пайдалануды шектеу бастамасы, шетелдік жоғары оқу орнындағы Қазақстандағы филиалдарында оқу құрынын отандық университеттермен салыстырғанда жоғары болуының себептері және өзге де мәселелер талқыланды.

Сонымен қатар Мәжіліс депутаттары бастамашы болған арнаулы мемлекеттік органдардың қызметі мәселелері жөніндегі заң және оған Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін ілеспе түзетулер екінші оқылымда қабылданып, Сенатқа жолданды.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Олжас Құспанов құжатпен жұмыс барысында депутаттар бірқатар түзету енгізгеніне, оның ішінде мемлекеттік құпияларды қорғау шараларын күшейту мәселесі қамтылғанына тоқталды. Енді мемлекеттік құпияларға тек режимдік объектілерге ғана емес, сонымен қатар ерекше режимдегі және ерекше қорғалатын объектілерді салуға, жөндеуге және күтіп-ұстауға бөлінген қаражатты немесе нақты шығындарды ашып көрсететін мәліметтер де жататын болады.

Бұдан бөлек, заң аясында экстремистік және террористік материалдарды тасымалдауға тыйым салынып, оларды басып шығарғаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Бұл нормалар Азаматтық процесі кодексті, «Терроризмге қарсы іс-әрекет туралы» және «Экстремизмге қарсы іс-әрекет туралы» заңдарды Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекспен сәйкестендіруге бағытталған. Сондай-ақ терроризмге қарсы іс-әрекетті және экстремизмнің алдын алуды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың құзыреті нақтыланды.

Сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру бөлігінде құқықтық олықтықтарды жоюға және заңнаманы жетілдіруге бағытталған нормаларды әзірледі.

Жалпы отырыс барысында салалық комитеттер жаңа конституциялық заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» құжаттар. Әр заң жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссияларының құрамына кіретін Мәжіліс тарапының кандидатуралары келісілді.

## «АМАНАТ»: ЭНЕРГЕТИКАНЫ ДАМУҒА ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ТАРИФТЕР ҚАЖЕТ



Астанада «AMANAT» партиясының Кәсіпкерлер қанаты энергетика саласының өкілдерімен кездесу өткізді. Жиын барысында тариф саясатын жетілдіруден бастап, энергетикалық кәсіпорындарды кадрмен қамтамасыз етуге дейінгі саланы дамытудың маңызды мәселелері талқыланды. Толғандырған мәселелерді шешу бойынша бірлескен жоспарлар құрылды. Кездесуге Энергетика министрі Ерлан Аққенженов, Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, сондай-ақ Мәжіліс депутаттары, салалық қауымдастықтар мен энергетикалық компаниялардың басшылары қатысты. Партияның өңірлік филиалдары бейнеконференцбайланыс арқылы қосылды. Бүгінде ел аумағында энергетика саласында шамамен 100 мың адам еңбек етеді.

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов энергетика саласы мемлекеттің орнықты дамуында стратегиялық маңызға ие екенін мәлімдеді. Ол Мемлекет басшысы саланың салдарымен күресуден жүйелі жаңғырту жұмысына көшу міндетін қойғанын ерекше атап өтті. Осы бағытта кешенді жаңғыртуға, жауапкершілікті күшейтуге және ұзақмерзімді жоспарлауға бетбұрыс

жасалды. Соның нәтижесінде бүгінде мемлекет тарапынан саланы реттеу жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп, қордаланған мәселелер шешімін тауда. Бұл іске «AMANAT» партиясы да айрықша атсалысуда.

«Бүгін біз осы салада сіздерді толғандырған негізгі мәселелерді қарастырдық. Энергетика министрі атап өткендей, жағдайды реттеу мақсатында Үкімет тарапынан жүйелі шаралар қабылданауда. Бұл мәселе

Мемлекет басшысының тікелей бақылауында. Біз саяси партия ретінде және сіздер кәсіби қауымдастық ретінде бірлесіп, тиімді тепе-теңдік табуымыз керек. Салаға инвестиция тарту, болжамды ережелер қалыптастыру және қаржы қайтарымын қамтамасыз ету үшін түсінікті жағдай жасау қажет. Алайда азаматтардың мүддесі, тариф саясатының әділдігі, әлеуметтік тұрақтылық және жүктеменің артуы ауырпашылық ететін азаматтарға атауды қолдау көрсету мәселелері де аса маңызды. Сондықтан сіздердің тараптарыңыздан көтеріліп отырған мәселелердің шешім табуы енді партиямыздың назарында болады», — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері бүгінде энергетика саласына қатысты мемлекеттік саясат жүйелі кезеңге көшкеніне назар аударды. Алғаш рет «Жылу энергетикасы туралы» заң қабылданды, энергетика және коммуналдық секторларды жаңғыртуға, сондай-ақ көмір генерациясын дамытуға бағытталған Ұлттық жобалар жүзеге асырылуда. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы іске қосылды. Тарифтік және инвестициялық саясат қайта қаралды. Нысандардың техникалық жай-күйін қадағалау жұмысы күшейтіліп, жана қуат көздері іске қосылып, желілік инфрақұрылым дамуға. Нәтижесінде, технологиялық ақаулар саны азайып, қызыл аймақтағы ЖЭО саны қысқарды.

Ерлан Қошанов «AMANAT» фракциясы депутаттары энергетика саласын дамыту ісіне заңнамалық қолдау көрсету бағытында ауқымды жұмыс атқарғанын айрықша атап өтті. Олар энергетика саласындағы жалақыны өңірдегі орташа салалық деңгеймен байланыстыруға заң жүзінде бастамашылық етті. Соның нәтижесінде кейінгі екі жылда сала қызметкерлерінің жалақысы 40%-ға өсті. Бүгінде инвестициялық жобаларға қатысты рәсімдерді жеңілдету және экологиялық келісім алу мерзімдерін онтайландыру бойынша түзетулер әзірленді. Тұлғалар тобына кіретін компаниялар үшін негізгі жабдықтарға инвестициялық келісімдер жасау мүмкіндігін енгізу ұсынылуда. Сондай-ақ энергиямен жабдықтаушы компаниялардың қызметін лицензиялауды енгізу жоспарланып отыр. Бұл түзетулер кәсіби қауымдастықтың сұранысына жауап ретінде әзірленді. Оларды осы сессия аяқталғанға дейін қабылдау жоспарлануда.

Кездесу барысында қатысушылар саладағы өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты. Атап айтқанда, ұзақмерзімді әрі болжамды тарифтік саясатты енгізу,

қуат көздері мен желілердің өбден ескіруі, ірі жүйе-құраушы энергетикалық жобалар үшін әкімшілік кедергілерді азайту мәселелері назарға алынды. Сондай-ақ көміртегі квоталарының Ұлттық жоспарын мемлекеттік бағдарламалар аясында іске қосылатын энергетикалық қуаттар көлемімен үйлестіру, кадр мәселесі және өзге де тақырыптар талқыланды.

Энергетика министрі Ерлан Аққенженов өз баяндамасында дестүрлі және жанарғылатын энергетиканы қатар дамыта отырып, энергия көздерін арттыру бағытындағы жүйелі шараларға тоқталды. Бүгінде еліміздің энергожүйесінде 245 қуат көзі бар. Оның 166-сы — жасыл энергетика нысандары. 2035 жылға дейінгі энергетика саласын дамыту Жоспары аясында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Соған сәйкес, қуатты 26 ГВт-тан асыру көзделіп отыр. Қазіргі жобаларды жүйелі жүзеге асыру қадамы алдағы жылдары экономиканың электр энергиясына деген сұранысын толық өтеуге және тұрақты профицитті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ іс-шара барысында «ОАЭК» АҚ акционері Сергей Кан, «ҚКЖ» ЖШС акционері Дінмұхаммед Ыдырысов, «Қаражыра» АҚ Басқарма Төрағасы Ильяр Низамов, МАЭК БПҰ жетекшісі Анатолий Жданов, Екібастұз МАЭС-1 БПҰ төрағасы Серік Серьянов, Қазақстан Электрэнергетикалық Қауымдастығының Басқарма Төрағасы Талғат Темірханов және өзге де азаматтар сөз сөйледі.

Кездесу соңында энергетикалық компаниялардың бірқатар өкілі «AMANAT» партиясына қосылды. Олардың қатарында «KEGOC» АҚ Басқарма Төрағасы Нәби Айтжанов, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы Қайрат Мақсұтов, «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС бас директоры Флор Гарипов, «Шардара СЭС» АҚ Басқарма Төрағасы Рашид Есхожин, «ГРЭС-2» АҚ Басқарма Төрағасының жалпы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Гаухар Нұғманова және өзге де азаматтар бар.

Сонымен қатар энергетика саласының бір топ өкілі саланы және ел экономикасын дамытуға қосқан үлесі үшін партияның «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

## 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

30 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Қазақстандағы ұлтаралық және конфессияаралық татулық туралы айтқанда, көбіне ресми тіркестер мен жалпы ұғымдарға сүйеніп кетеміз. Бірақ бұл тақырыпты түсіну үшін адамдардың қалай өмір сүріп жатқанын, бір-бірін қалай қабылдайтынын, қандай құндылықтарға сүйенетінін қарау маңызды. Себебі татулық – құжаттағы ұстаным емес, күнделікті өмірде қалыптасатын құбылыс.

## А Кәмила ДҮЙСЕН

Қазақстанда ұлтаралық татулық – тек саяси ұстаным ғана емес, қоғамның күнделікті өмірінде көрініс табатын маңызды құндылық. Әртүрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында өмір сүріп, ортақ мақсаттарға ұмтылып отырған ел үшін өзара түсіністік пен келісімнің орны ерекше. Сарапшылардың пікірінше, бұл тек мемлекеттік саясаттың нәтижесі емес, адамдардың өзін қалай танытынына, қандай құндылықтарды бөлісетініне тікелей байланысты.

Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері Айгүл Забирова қазіргі қоғамда діннің рөлі айтарлықтай өзгергенін айтады. «Дін арқылы қоғам өзін сипаттайды, моральдық шекараларын айқындайды және өзгерістерді түсіндіреді. Қазақстандықтардың 86 пайызы өзін діндармын деп санайды, бұл діни сәйкестік қоғамда кең тарағанын көрсетеді. Бірақ бұл көрсеткіштің өзі жеткіліксіз, маңыздысы – адамдардың сенімді қалай ұстанатыны. Мысалы, 72 пайызы діни мерекелерді сақтайды, 41 пайызы намаз оқиды, ал 27 пайызы мешітке барады. Бұл әртүрлі деңгейлер қоғамдағы діни өмірдің күрделі әрі көпқырлы екенін көрсетеді. Әрқайсысының өз орны мен маңызы бар», – дейді сарапшы.

Оның айтуынша, мұндай көпқабатты діни тәжірибе қоғамдағы бөлінуге емес, керісінше әртүрліліктің табиғи түрде қатар өмір сүруіне мүмкіндік береді. Дін біреулер үшін терен жеке тәжірибе болса, енді біреулер үшін мәдени сәйкестіктің белгісі ретінде қабылданады. Осы деректердің өзі қоғамда бір ғана «дұрыс» үлгі жоқ екенін көрсетеді. Әр адам дінмен өзінше байланыс орнатады. Біреу үшін ол терен жеке тәжірибе болса, енді біреу үшін дәстүр мен мәдениеттің бір бөлігі ғана.

Айгүл Забирова бұл жағдайдың қалай қалыптасқанын түсіндіру үшін өткенге назар аудару керектігін ала тартады. Себебі Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қоғам алдында «кімбіз?» деген сұрақ туындаған. Сол сәттерде дін көптеген адам үшін өзін анықтаудың бір жолы болғаны белгілі.

«Кеңес кезеңінен кейін адамдар үшін «мен кімін?» деген сұрақ өзекті болды. Ұлттық сәйкестікті қалыптастыру тіл, мәдениет, дәстүр арқылы жүрді, бірақ бұл барлығына бірдей оңай болған жоқ. Ал ислам қарапайым әрі түсінікті жауап ұсынды. Өзін мұсылман деп атау – бұл тек діни таңдау емес, өзін қоғамның бір бөлігі ретінде сезіну тәсіліне айналды. Бұл жерде дін қатаң талаптар жүйесі ретінде емес, мәдени және әлеуметтік бағдар ретінде қабылданып отыр», – дейді ол.

Сарапшы қазіргі қоғамда діни өмірдің бірнеше деңгейі қатар өмір сүретінін айтады. Бұл айырмашылықтар адамдарды бөлмейді, керісінше оны табиғи құбылыс ретінде қабылдауға мүмкіндік

Мойындау керек, 1 мамыр мерекесінің мәнін Кеңес Одағы кезінде қалыптасқан еңбекшілердің бірлігі мейрамының жаңғырығы ретінде қабылдау ел ішінде әлі де бар. Дегенмен тәуелсіз Қазақстанда бұл мейрамның мазмұны баяғыда өзгерген. Ел бірлігіне құрмет мерекесіне айналған.

## А Еркебұлан НҮРЕКЕШ

Хәкім Абай алтыншы кара сөзінде: «Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады – білмейді. Казак ойлайды: бірлік – ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрмай мал іздеп не керек? Жок, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы баска, діні баска, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін Құдайдан тілейді, әйтпесе Құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі бірін-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?» – депті.

Бірден басын ашып алайық, көбіміз жаңағы мақалда айтылған «өнер» ұғымын тар шеңбердегі «искусство» мағынасында жаңсақ түсінеміз. Негізі, мұндағы «өнердің» түп-төркіні «өну» етістігінде жатыр. Өну дегеніміз – өсу мен өркендеу. Бүгінгі біз қолданып жүрген «өнім», «өндіріс» сөздері осы түбірден тарайды. Яғни, бабаларымыз бір ауыз нақыл арқылы «Дамудың

## ЫНТЫМАҚ – ЕЛДІҢ ӨЗЕГІ



береді. Яғни, Қазақстандағы ерекшелік – әртүрлі әлеуметтік және мәдени модельдердің бір қоғам ішінде үйлесімді өмір сүруінде. Айгүл Забирова бұл құбылысты «мәдени діншілдік» ұғымымен түсіндіреді.

«Қазақстанда діншілдік көбіне мәдени сипатқа ие. Адам өзін дінмен байланыстырады, дәстүрлерді сақтайды, мерекелерге қатысады. Бұл – толыққанды діни өмірдің бір түрі. Мұнда бастысы – адамның белгілі бір қауымдастыққа тиесілі екенін сезінуі. Сондықтан мұндай модель қоғамдағы бірлік пен өзара түсіністікті күшейтеді. Бізде дін қатаң институттан гөрі мәдени тәжірибе ретінде қалыптасқан», – дейді ол.

Зерттеулер көрсеткендей, қазақстандық қоғамда діни өмірдің бірнеше деңгейі қатар дамып келеді. Бірі – дәстүр мен мәдениетке негізделген қатынас, екіншісі – діни талаптарды ұстануға бағытталған тәжірибе, үшіншісі – дінді әлеуметтік және моральдық мәселелерді түсіндіру құралы ретінде қабылдау.

«Бұл деңгейлер бір-біріне қайшы емес. Керісінше, олар бір қоғам ішінде қатар өмір сүреді. Тіпті, бір адамның өзінде бірнеше деңгей болуы мүмкін. Бұл – қазақстандық модельдің ерекшелігі. Әртүрлілік сақталады, бірақ ол бөлінуге емес, түсіністікке алып келеді», – деп атап өтеді Айгүл Забирова.

Мамандардың айтуынша, дәл осындай үйлесім қоғамдағы тұрақтылықтың негізгі алғышарты болып отыр. Дін мен зайырлы мемлекет қарғаларының қатар дамуы да осы модельдің маңызды бөлігі.

«Қазақстандықтардың басым бөлігі діни саясатты қолдайды және сонымен қатар елдің зайырлы мемлекет болғанын дұрыс деп санайды. Бұл қарама-қайшылық емес. Бұл – қоғамның дінді мәдени



**Кеңес кезеңінен кейін адамдар үшін «мен кімін?» деген сұрақ өзекті болды. Ұлттық сәйкестікті қалыптастыру тіл, мәдениет, дәстүр арқылы жүрді, бірақ бұл барлығына бірдей оңай болған жоқ. Ал ислам қарапайым әрі түсінікті жауап ұсынды. Өзін мұсылман деп атау – бұл тек діни таңдау емес, өзін қоғамның бір бөлігі ретінде сезіну тәсіліне айналды. Бұл жерде дін қатаң талаптар жүйесі ретінде емес, мәдени және әлеуметтік бағдар ретінде қабылданып отыр.**

сәйкестік ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Сондықтан дін мен зайырлылық бір-біріне қарсы емес, олар бір жүйеде өмір сүре алады», – дейді сарапшы.

Бұл пікірлер қоғамдағы татулықтың тек сыртқы факторларға емес, адамдардың ішкі қабылдауына да байланысты екенін көрсетеді. Ал осы процесті ғылыми тұрғыдан зерттегендердің бірі – Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымы Айбек Күмісбеков. Ол өз еңбегінде қоғамдағы тұрақтылықтың негізі алдын алу тәсілдерінде жатқанын айтады.

«Ұлтаралық қатынастардағы тұрақтылық ең алдымен алдын алу саясатының тиімділігіне бай-

ланысты. Яғни, қоғамдағы үдерістерді дер кезінде байқап, оларды шиеленіске жеткізбей басқару маңызды. Бұл бағытта медиация, диалог және қоғамдық институттардың жұмысы ерекше рөл атқарады. Мұндай тәсіл қоғамдағы сенімді нығайтып, түрлі топтар арасындағы өзара әрекеттестікті жақсартыды. Сондықтан татулықты сақтау – тек реакция емес, алдын ала жүргізілетін жүйелі жұмыс», – дейді ғалым.

Қазақстан бұл бағытта тек ішкі саясатпен шектеліп отырған жоқ. Ел халықаралық деңгейде де диалог алаңдарын ұсынып келеді. Соның бірі – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі. Бұл алаңда түрлі дін өкілдері кездесіп, ортақ мәселелерді талқылайды.

Осы процестің ішінде жүрген Конфессияаралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығының басшысы Гүлсана Қожабай бұл бағыттағы өзгерістерді өз тәжірибесі арқылы көріп отыр.

«Егер алғашқы съезде бізге дінаралық диалогтың қажеттілігі туралы көбірек айтуға тура келген болса, бүгін бұл ешкімде күмән туғызбайды. Қатысушылар саны едәуір көбейгеніне және конфессиялардың әртүрлілігіне қарамастан, барлығы бір ақиқатты жақсы түсінеді – жаһандық тұрақсыздық жағдайында тек ашық диалог пен ынтымақтастық қана оң өзгерістерге жеткізе алады. Бұл идея бүгінде халықаралық деңгейде кеңінен қолдау тауып отыр. Әлемде жаңа диалог алаңдары пайда болуда, бұл өзара түсіністікке деген сұраныстың артқанын көрсетеді. Мұндай кездесулердің мәні тек пікір алмасумен шектелмейді, олар нақты әрекеттерге негіз болады», – дейді ол.

Гүлсана Қожабайдың айтуынша, мұндай алаңдардың артында үлкен дайындық пен нақты жұмыс жатыр. Бұл тек формалды кездесулер емес, нақты ұсыныстар әзірленетін, түрлі мәселелер талқыланатын кеңістік.

«Бұл кездесулердің артында ауқымды жұмыс жүргізіледі. Діни көшбасшылар тек рухани мәселелерді ғана емес, заманауи тақырыптарды да талқылайды. Мысалы, жасанды интеллектті этикалық пайдалану, тұрақты даму сияқты мәселелер бойынша ортақ ұсыныстар әзірленеді. Бұл диалогтың мазмұны жыл өткен сайын тереңдеп келеді. Сондықтан мұндай алаңдардың маңызы арта береді. Себебі қазіргі әлемде түсіністік пен сенім бұрынғыдан да маңызды», – дейді ол.

Орталық жұмысының тағы бір маңызды бағыты – жастар. Себебі болашақтағы қоғамның қандай болатыны бүгінгі жастарға байланысты.

«Біз әртүрлі көзқарас пен сенімге ие жастардың бір-бірімен танысып, араласуына арналған алаң құруға тырыстық және бұл тәжірибе өте сәтті шықты. Жастар тек діни ортадан ғана емес, әртүрлі саладан келіп, ортақ тіл таба алды. Бұл олардың бір-бірін жақсырақ түсінуіне мүмкіндік берді. Сондықтан біз бұл бағытты әрі қарай дамытуды жалғастырамыз. Өйткені дәл жастар болашақтағы диалог мәдениетін қалыптастырады. Қазірден бастап оларды ашық қарым-қатынасқа үйрету өте маңызды», – деп атап өтті Гүлсана Қожабай.

Демек, елдегі татулық тек өткеннің жетістігі емес, үздіксіз дамып жатқан үдерістің нәтижесі. Оның негізінде диалог, өзара құрмет және ортақ құндылықтар жатыр. Ал бұл құндылықтарды сақтау мен дамыту – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті.



## АҚЫЛҒА БІРЛІК

бірден-бір алғышарты – бірлік» деп ауқымды кең әлеуметтік-экономикалық тұжырым түйген.

Абай пәлсапасы да осы «өнуге» табан тірейді. «Малға бірлік» дегені – тұтынушылық деңгей. Ондай бірлікте тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, бір-бірін пайдалану ғана бар. Тек қарынның қамын ойлаған амал достықтың арты қуыс, асты бос болады. Мал таусылғанда малға сүйенген ынтымақ та ыдырайды. Материалдық мүддені мақсат тұтатын бірлік іргетасы құйылмаған ғимарат секілді. Болмашы бір дүмпуден қирап қалатын сырты жылтырақ, іші қалтырақ зәулім сарайдан тұғыры берік жұпыны лашықтың өзі артық емес пе? Тағы бір өлеңінде Абай: «Малға достың мұны жоқ малдан басқа», – деп бұл пікірін үстемелей түседі.

Ақынның «ақылға бірлік» дегені – табак үстіндегі татулық емес, мақсат жолындағы мәміле. Сана биігінде біріккен жұрт заңға бағыну, ғылым-білімге талпыну, Отанды сую сынды ортақ құндылықтардың төңірегіне топтасады. Сондықтан қоғам материалдық бірлікке емес, идеологиялық бірлікке иек артуы керек.

Нобель сыйлығының лауреаты Элинор Остромның «ортақ ресурстарды басқару» теориясы Абайдың «ақылға бірлігімен» керемет үндеседі. Остром да қауымның іштен ірінуіне «ас ортақ, ат ортақ» деп ішіп-жууды ғана көздейтін, бірақ жауапкершілікті бөліспейтін селкостық себеп болатынын ғылыми тұрғыда дәлелдеген. Ғалымның тұжырымы бойынша кез келген мемлекеттің немесе шаруашылықтың тұрақтылығы үшін сыртқы бақылаудан бұрын сол қауым

мүшелері арасындағы өзара сенім, өзара құрмет бірінші орында тұруға тиіс. Егер бірлік тек материалдық мүддеге негізделсе, әркім көрпегіне өзін қарай тартып, көбірек қамтып қалуға жанталасады екен.

Жауырды жаба тоқып қайтейік, біз әлі Абай армандаған дәрежеге жеткен жоқпыз. Әсіресе, әлеуметтік желі бойымыздағы «аққу, шортан нәм шаляндықты» өршітгі жіберген сияқты. Ел тағдыры таразыға тартылған сын сағаттарда бір-бірімізді түсінудің орнына түзеуге тырысамыз. Дау қуалап, жау шақырып, топтық психологияның торына шырмалған бейнеміз Абай сынаған «антұрғандықтың» заманауи кейіпін елестетеді.

Әрине, пікір алуандығын мансұқтап, теріске шығарудан аулақпыз. Бәріміз бірдей ойлауға міндетті де емеспіз. Азаматтық қоғам мүшелері сан түрлі бағытты, сан түрлі көзқарасты ұстана отырып, бір мақсатқа ұмтылғаны абзал. Жалпы, плюрализм дегенді ондаған аспаптың дыбысы үйлесім табатын оркестрге ұқсатуға болады. Біреу – скрипка, біреу – домбыра, біреу – саксофон, енді біреуі сыбызғы шығар. Ақылға бірлік дегеніміз – осы бүкіл аспаптың бірігіп бір нотаны ойнауы. Содан барып симфония туады. Мысалы, «салық саясаты қандай болуы керек?» деген сұраққа әркім әрқалай жауап беруі мүмкін. Ал «мемлекетіміз тәуелсіз, халқымыз бақуатты, заңымыз әділ болуы керек» деген мәселеде ешқандай қарама-қайшылыққа жол ашылмағаны жөн. Қысқасы, бұл жерде өзіміз амбиция емес, ақиқат жеңуі керек. Міне, Абай өсиет еткен «ақылға бірлік» – осы. Пікір алуандығы бізге ең тиімді нұсқаны таңдауға көмектесе, ақылға бірлік сол таңдаған жолдан таймауға септігін тигізеді.

Абайдың «бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы» деген сөзін еліміздегі кейбір құбылыстарға дөп қойылған диагноз дер едік. Жасыратыны жоқ, қоғамдағы кейбір топтар үшін Қазақстан «тарихи тағдыр біріктірген» Отан емес, жай ғана ақша табатын, бизнес жүргізетін ыңғайлы территория, коммерциялық жоба іспетті. Экономика тұрақты кезеңде «ас ортақ, ат ортақ» деп

татулықты ту ететіндер дағдарыс қаупі төнгенде шабаданын жинауға дайын тұрады. Өйткені оларды бұл мемлекетпен біте қайнастыратын «ақылға бірлік» жоқ, «малға бірлік» қана бар. Кезінде биліктің әділдік пен заң үстемдігін уақытша тыныштыққа айырбастап, айғайшудан қашып, қаншама көзжұмбайлық танытқаны да рас. Сауаласуға құрылған мұндай бірліктің ғұмыры ұзқақ созылмайтынны әмбеге аян. Мәселен, көп жыл бойы Ассамблеяға Парламенттен арнаулы квотаға сай тоғыз мандат беріліп келді. Сырттай қарағанда ұлттар достығының кепіл тәртізді көрінгенімен, бұл Абай қыжыртқан «малға бірліктің» (немесе мандатқа сатылған бірліктің) саяси нұсқасы болатын. Осы ретте 2022 жылы жасалған Конституциялық реформа нәтижесі көңілге қонады. Президенттің бастамасымен Мәжілістегі этникалық квоталар жойылды. Бұл белгілі бір ұлттарды шеттетуге емес, керісінше тыныштықты сатып алу саясатынан бас тартып, диаспораларды шынайы Қазақстан азаматына айналдырудың амалы еді. Бұдан былай Парламентке орыс болсын, көріс болсын, ұйғыр болсын, өзінің қарым-қабілетіне, саяси бағдарламасына, сайлаушылардың сеніміне байланысты өтеді. Сау бәсекеге негізделген саяси жүйе осындай болса керек. Демек, «малға бірлік» қоғамды қазақтар және өзге ұлттар деп жіктеп, екі ортадағы қарым-қатынасты квоталармен реттесе, «ақылға бірлік» баршамызды «Қазақстан Республикасының азаматы» деген бір ұғымның аясына ұйыстырады.

XIX ғасырда жайлаудағы киіз үйдің есігінен қарап отырып жаһандық деңгейде ой толғаған Абай идеясының жаңғырығы Юрген Хаберастың «Конституциялық патриотизм» концепциясынан да байқалады. Батыс әлемінің санасына сіңген бұл тұжырымда «этникалық әртекті халықты Ортақ Заң мен Ортақ Құндылықтар ғана біріктіреді» делінген. Қазақстандағы 130 ұлстың «атасы басқа, діні басқа» болуы мүмкін, алайда үрім-бұтағымыз өмір сүретін Қазақстан – бәріне ортақ. Абайдың «ақылға бірлігі» де сол болашаққа бағыт сілтейді.

# 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

30 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ



Ұлтаралық татулық – құр ұранмен өлшенбейтін құндылық. Бір шаңырақ астында тұрақтаған сан түрлі этнос өкілі ортақ тағдыр мен ортақ мақсат жолында бірігіп, өзара түсіністік пен құрметке негізделген орта қалыптастырып келеді. Оның дәлелі – рухани кеңістіктер. Бүгінде көпұлтты қоғамның бірлігін айқындайтын осындай орталықтардың қатарында театрлар, мәдениет үйлері, этностық өнер ұжымдары мен түрлі шығармашылық алаңдар жұмыс істеп жатыр. Мұнда әр халық өз болмысын сақтай отырып, өзге мәдениеттермен еркін араласып, бірін-бірі байыта түседі.

## Татулықтың татыры – МӘДЕНИЕТТЕ

алғашқы белгілері Шымкентте 1924 жылдың өзінде-ақ пайда болғанын анықтаған. «Ол кезде театр біртұтас құрылым ретінде емес, зауыттар мен фабрикалар жанындағы шағын театр студиялары түрінде жұмыс істеген. Бұл ұжымдар орыс және қазақ труппаларымен қатар, жұмысшылардың ауыр еңбек күнінен кейінгі бос уақыттың мазмұнды өткізу үшін құрылған. Уақыт өте келе бұл студиялар бірігіп, облыс аумағындағы колхоздар мен совхоздарға гастрольдік сапармен шығуға қабілетті болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген өртістер Қызыл Армия қатарына шақырылып, олардың бірқатары ғана майданнан оралды. Сиреген ұжым кейін Қызылордаға көшірілді. Ал Шымкент тұрғындары үшін бұл алыс болғандықтан, театр іс жүзінде өз жұмысын тоқтатты» делінген зерттеушінің еңбегінде.

Түрлі халық өкілдеріне есігі әрқашан бірі – республикалық академиялық неміс драма театры. Театр ұжымы миссиясын Қазақстандағы неміс рухани мәдениетінің орталығы болу деп түсінеді. Бұл – неміс тілін, әдебиетін және мәдени дәстүрлерін сақтау әрі насихаттау, сондай-ақ «Возрождение» мәдени орталықтарымен өзара ықпалдастық орнатуы мақсат етеді. Театр өз жобалары арқылы елдегі неміс қауымдастығының мәдени жалын сақтауға және дамытуға ықпал етеді. Республикалық академиялық неміс драма театрының бас режиссері әрі көркемдік жетекшісі Наташа Дубс театрдың негізгі бағытының бірі – қазақстандық драматургияны дамыту екенін айтты. Театр жас авторлармен белсенді жұмыс істеп, Алматыдағы «ОЛША» ашық әдебиет мектебімен ынтымақтастық орнатады және сахнасында қазіргі қазақстандық драматургтердің пьесалары бойынша қойылымдар ұсынады. Бұдан бөлек, Неміс театры қазақстандық көрерменді заманауи еуропалық театрмен таныстыруды мақсат етеді. Бұл бағытта Германия да жетекші рөл атқаратын елдің бірі. Театр сондай-ақ өзін әріптестікке ашық кеңістік ретінде танытып, музейлермен, ақындармен, суретшілермен, музыканттармен және заманауи өнердің түрлі бағыттағы өкілдерімен бірлескен жобаларды жүзеге асырады.

– Қазақстандағы қазіргі Неміс театрының тарихы – көпұлтты ортада өмір сүретін, үнемі дамып отыратын тірі организмнің тарихы. Бүгінгі театр ұжымы көптілі әрі көпұлтты және бұл ішкі көпқырлылық спектакльдердің көркем тіліне, тақырыптық мазмұнына және энергетикасына тікелей әсер етеді. Театр Қазақстанда өмір сүретін халықтардың мәдени кодтарын табиғи түрде бойына сіңіреді, ең алдымен – қазақ мәдениетін. Бұл әрі тақырыптар мен сюжеттерде, әрі сахналық тілде көрініс табады. Репертуарда тек неміс мәдени

Осылайша, еуропалық театр формасын сақтауға ұмтылғанымен, Қазақстандағы Неміс театры бүгінде мәдени синтез кеңістігіне айналған. Мұнда неміс, қазақ және орыс дәстүрлері бір-біріне қарсы қойылмай, керісінше өзара байытып, бірегей көркем тіл қалыптастырады.

Бір ғасырлық тарихы бар Ұйғыр музыкалық комедия театрының репертуарында қазақ, өзбек, татар, қырғыз, әзербайжан қаламгерлерінің шығармаларынан бастап, Уильям Шекспир, Жан-Батист Мольер, Лопе де Вега, Карло Гольдони, Николай Гоголь, Шыңғыс Айтматов секілді әлемдік классиктердің туындыларына дейінгі қойылымдар бар. Театр ұжымы Қазақстан мәдениетін халықаралық деңгейде танытуда да белсенді. Театр әртүрлі фестивальдер мен байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, ел өнерінің дамуына өзіндік үлесін қосып келеді.

Сондай-ақ елімізде 9 орыс драма театры бар. Олар Астана, Көкшетау, Тараз, Орал, Қарағанды, Костанай, Павлодар,

республикалық қоғамдық-саяси газеті 1957 жылдан бастап Алматы қаласында шыға бастады. Газеттің бас редакторы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Ершат Асмаатовтың айтуынша, басылым әрқашанда Қазақстан халқының бірлігі мен достығының нығаюына өз үлесін қосып келеді. Басылым бетінде қазақ халқынан бастап, елде өмір сүретін барлық этнос өкілінің әдет-ғұрпы, дәстүрі мен ұлттық құндылықтары туралы материалдар тұрақты беріледі. Ұйғыр халқы өкілдерінің басқа этностар арасындағы дос-құрбылары, әріптестері, тамыр-туыстарымен достық байланыстары, құдалық қатынастары туралы күнделікті өмірден алынған мысалдар арқылы жазылған мақалалар да редакция ұжымының назарынан тыс қалмайды.

– Бүгінгі күнде жалпұлттық бірлікті және қазақстандық патриотизмді насихаттауда масс-медиадың маңызды зор екендігі бәрімізге белгілі. Бұл тұрғыдан «Ұйғур авазы» басылымы өзіне жүктелген міндетті жемісті атқарып келеді деп сенімді түрде айта аламын. Мемлекеттік саясатты, стратегиялық бағдарламаларды, Президент тапсырмаларын насихаттау және оларды жүзеге асыру жолындағы іс-қимылдарды жариялау, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, халықтың өзекті проблемалары және оларды шешу жолдары, әртүрлі саланың тыныс-тіршілігі туралы жазу газеттің негізгі жұмысы болып есептеледі. Қазақстанда көпұлтты мемлекетке татулық пен бірлік ауадай қажет. Газет мазмұны жағынан заман талабына сай күрт өзгерді. Қазақ халқы мен түрлі этностардың танымал тұлғаларымен сұхбаттар, әдеби шығармаларының аудармалары, әдет-ғұрып және салт-дәстүрлері туралы, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік тіл рұхындағы мақалалар жарияланады, – деді Е.Асмаатов.

«Аншка–Ахыска» газеті – Қазақстандағы Түрік этномәдени орталығының халықаралық басылымы және Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен жарық көреді. Басылым 2000 жылдан бері түрік, қазақ және орыс тілдерінде шығады. Бүгінде елімізде оқырман қолына тиетін «Аншка–Ахыска» газеті Қазақстанның барлық өңірлеріне ғана емес, Түркия, Әзербайжан, Ресей, Украина, АҚШ, Өзбекстан, Қырғызстан және Грузия елдеріне де таралады. Газетті қоғамның әртүрлі өкілдері оқиды. «Мемлекеттік және түрік тілдері сабақтары», «Қазақстан жанылықтары», «Түркия жанылықтары», «спорт», «тарих» сынды тұрақты айдарларынан бөлек, бірқатар негізгі бағыты бар: ұлтаралық келісім мен достықты нығайтуға бағытталған материалдар; Түрік этномәдени орталығының жұмысы; Қазақстан–Түркия арасындағы екіжақты қатынастарды дамыту; диаспора өкілдері туралы материалдар жиі жарияланып отырады. Мәселен, соңғы нөмірінде түрік ұлты оқушылары арасында қазақ тілін облыстық олимпиада өткені туралы жазылып: «Жастар арасында қазақ тілін насихаттау – еліміздің болашағына қосылған үлес. Біз түрік ұлтының балалары мемлекеттік тілді белсенді меңгеріп, жоғары нәтижелер көрсетіп жүргенін мақтан тұтамыз» деген ұйымдастырушылардың сөзі басылды. Бұл – халықтар арасындағы өзара түсіністік пен жақын-дасуды айқындайды. Яғни, мемлекеттік тілді меңгеруге ұмтылған өзге этнос жастарының белсенділігін байқауға болады. Қысқасы, осы айтылғанның барлығы Қазақстандағы халықтар достығының нақты мазмұнына ие екенін көрсетеді.

### БІРЛІККЕ ҮНДЕГЕН ҰНПАРАҚ

Қазақстанда жарыққа шығатын шетелдік 13 басылым бар. Vatan халықара-



дәстүріне ғана емес, жергілікті контекстпен диалогқа негізделген қойылымдар да бар. Олардың қатарында Гузель Яхинаның «Дети мои» романы бойынша «Волгакиндер», қазақстандық жазушы әрі публицист Герольд Бельгердің шығармалары негізіндегі «Маленький король», Әннәс Бағдаттың пьесасы бойынша «Рух. На земле» спектакль-лекциясы және Мұхтар Әуезовтің әйгілі «Қарагөз» шығармасы бар, – деді театрдың көркемдік жетекшісі Наташа Дубс.

лық әзербайжан газеті, «Коре Ильбо» республикалық кәріс газеті, «Жийина курд» республикалық күрд газеті, АНШКА Түрік этномәдени орталығының газеті «Сайрам садоси» мен «Жанубий Қозоғистон» өзбек газеттері сияқты тағы басқа басылымдар бір шаңырақ астында ұйып отырған халықтардың достығы туралы түрлі мақалалар жариялап, оларды ынтымыққа, бірлікке шақыруда елеулі үлес қосып келеді. Осындай медиа объектінің бірі – «Ұйғур авазы»

## ЖАРАЙСЫҢ, ВАЛЕРИЯ!

Қазақтың төл өнері арқылы ел бірлігі мен ынтымағын жырға қосқан 12 этнос өкілінен 6 жұп айтыскер қатысқан Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында Астанадағы Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда еліміздегі өзге этнос өкілдерінің қатысуымен алғаш рет республикалық айтыс өтті.

### Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек дүбірлі дода бірліктің, достықтың, татулықтың, өнерге деген жанашырлық пен құрметтің жарқын үлгісі екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидатын мемлекеттік саясатымыздың негізгі ретінде бекітіп, ел бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайту ісіне баса назар аударып келеді. Соның нәтижесінде Қазақстанда түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында тату өмір

сүріп, ортақ құндылықтарды бірге дәріптеуде. Бүгінгі бөгенайы бөлек айтыс – сол көшбасшы идеяның нақты жемісі. Мұнда тілі басқа болғанымен, тілегі бір, рухы үндес өнерпаздар бас қосып отыр. Олар халқымыздың мызғымас бірлігі мен татулығын жырға қосып, қазақтың шұрайлы тілін, сөз өнерінің құдіретін паш етпек, – деді ол.

Осы айтыста Қарағандыдан қосылған кәріс этносның өкілі Валерия Цой бірінші орын иеленді.

Біз де қуанышты хабарды ести сала, Валерияға қоңырау шалдық.

– Мен – Қарағанды қаласындағы Корей этномәдени қоғамдық бірлестігінің белсенді



мүшесімін. Кәріс ұлттық аспаптарында ойнаймын, «Самульнори Саён» ансамблінің жетекшісімін. Қарағанды қаласындағы Қазтұтыну одағы университетінің 1-курс студентімін.

Мектеп біріген сон Кореяға оқуға барып келген едім, бірақ үйімді сағынып, бөтендігім сезілген соң қайтып келдім. Жалпы, айтысқа дейін домбыра тарту білмедім, екі айда үйреніп алдым, – дейді Валерия Цой.

Таза қазақша сөйлеген Валерияға «тілді қашан үйрендіңіз?» деген сұрақ қоймаса болмады. Өйткені өз жерінде, өз елінде тұрып ана тілінде бір сөз білмейтіндер бар емес пе?!

– Атам Қазақстанда тұрған соң қазақ тілін білу керек деп санаған, содан мені қазақ балабақшасына береді. Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы мектеп-интернатта оқыдым. Кейін мектепке барғанда, университетке түскенде де қазақша оқимын деп шештім. Бүгінде Халықаралық қатынастар мамандығына оқып жатырмын.

Ал айтысқа келсем, жобаның авторы Бақытжан Қасымов әркімге өзі жетекші тауып, қарсыластарымызды өздері қойды. Дидар Ками Қарағандыдан болған соң, маған жетекші ретінде тағайындалды. Жоба барысында барынша Дидар ағамен кездесіп, ол да маған домбыра жағын үйретіп отырды, атақты айтыскер, тәжірибесі көп болғандықтан ақылдан, кеңестерін айтты. Домбыра үйрететін маманды да тауып берді, – дейді Валерия.

# 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

30 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Кейінгі 10-15 жылда «қазақтың үш емес, төрт жүзі бар» дейтін ел арасында әзіл-шыны аралас әңгіменің айтылатыны жасырын емес. Төртінші жүз деп меңзегені – жүзі өзге ұлт өкілі болса да, жүрегі қазақ бауырларымыз еді.

## Айсулу СЪЕЗХАН

Тарих койнауына терендесек, өткен ғасырдың алғашқы жартысында сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болып, жекелеген партия, ұйым қызметкерлері емес, тұтастай бір халық Отанын сатқандар қатарына еніп, қазақ жеріне күштеп жер аударылғаны белгілі. Қазақстан «Сібір» сөзінің синониміне айналып, шамамен 3 миллионнан аса халық депортацияланды. Сол бір тарихи кезеңдегі халықтың бір-біріне деген бауырмалдығы, нәубетті жылдардағы елдің көрген қиындығы жайында талай шығарма жазылды да, көркем туындылар өмірге келді, сол оқиғалар ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып жетті де...

КСРО тараған сәтте жүздеген мың неміс, орыс, өзге де ұлт өкілдері тарихи Отанына қайтқанымен, қазақ топшырағын туған жерінде қалдырып қалғандар да жоқ емес. Бүгінде бірлік пен достық жолындағы ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тауып, беки түсті. Сары жүзді емесен, жүрегі қазақ деп соғып, қазақша ойлайтын түрлі этнос өкілдері көп. Біз осы орайда қазақ тілінің мәртебесін айрықша көтеріп, елге ісімен де үлгі болып жүрген жандарды назарға ұсынуға тырыстық.

### БЛОГЕРЛЕР ҚАЗАҚ ТІЛІН НАСИХАТТАП ЖҮР

Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, тіл халықтың болмысын, табиғатын, мінезін танытатын күшке де ие. Қазақ тілінің жана-шыры, Павлодар облысының тумасы, блогер Алексей Лодочниковты үлгі тұтатын жастар көп. Оның тілі ғана емес, жаны, мінезі де қазаққа айналып кеткендей. Ол мемлекеттік тілді білу арқылы көп мүмкіндікке ие болғанын үнемі айтып жүреді, тіпті Димаш Құдайбергемнен бір сахнада өнер де көрсеткен.

Жуырда өзін әлеуметтік парақшасында «Алексей Қазақ» деп сақтаған желі қолданушысының бейнематериалы халықтың үлкен ықыласына ие болған еді. Алексейді қазақ халқы алдымен арбада билеу спорты арқылы таныған. Алексей Журавлев — екі аяғы бол-маса да, өмірге деген құлшыныс жоғалтпаған азамат. Ол — Санкт-Петербургте өткен мүгедектер арбасында билеуден континенталдық кубоктың иесі, әлем чемпионы. Ол қайсарлығы, рухының мықтылығымен көпке үлгі болып жүр. Спортшы мүгедектігі бар адамдардың да шексіз мүмкіндікке ие екенін дәлелдеп қоймай, қазақ тілінің мәртебесін де асқақтатып келеді. Қазақ жастарын күнделікті өмірде, тұрмыс-тіршілікте ана тілінде сөйлеуге шақырады, тіпті Мұхтар Шахановтың, Абай өлеңдерін жатқа оқиды.

Таяуда екі орыс қызының қазақша әңгіме құрып отырған видеосы әлеуметтік желіде кенінен тараған еді. Қыздар «өзіміздің орыстар», «орек» деп жақын тартатын қазақтарды жылы қабылдайтынын, қуанатынын айтады, оған намыстанып, ренжіп, көңілге алудың қажеті жоқ дейді. Олардың сөзінше, ешкім оларды бөлп-жармай, керісінше, қазақ тілінде еркін сөйлегені үшін ықылас бөлек. Қазақшаға судай, салт-дәстүрге құрметпен қарайтын жандарды халық жатынбай, бауырына тартады. Олар қазір қазақ тілінде еркін сөйлейтін орыстардың көп екенін мақтан-шыпен жеткізді. Расымен де, қазір өзге ұлт

өкілдерінің арасында қазақ тілінде сөйлеу ғажап бір құбылысқа, сәнге де айналды, орыс тілді мамандар, блогерлер әлеуметтік парақшасын қазақ тілінде жүргізуді қолға

# Қазақ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ

ала бастады. Мәселен, 14 жылдық тәжірибесі бар фитнес тренер Каролина Трофимчик кейінгі кезде парақшасын қазақ тілінде жүргізіп жүр, оның 45 мыңға жуық оқырманы бар. Қазақтың қыз-келіншектері тренердің қазақ тілінде пайдалы кеңес беретініне риза. Блогер қазақ тілінде ақпарат қалады енді бастаса да, тілге келгенде, қиналып, кем-кетік жіберсе де, жұрт оны қолдап жатыр. Оның тілге деген құрметі жастардың спортпен достасуына ықпал етіп келеді.

### ЕЛДЕН КЕТЕМІН ДЕГЕН МАҚСАТ БОЛҒАН ЕМЕС

Жұмабек Төшенев атындағы университеттің баспасөз-хатшысы Тимур Казыминмен де қолданыстағы «өзіміздің орыстар» деген тіркеске қатысты әңгіме құрған едік. Ол бұл тіркестің жатынуы емес, халықты жақын-датығын ортақ ұғым деп түсінеді.

— Бұл тіркестің астарында белгілі бір деңгейде үлкен құрмет бар. «Өзіміздің орыстар» дегенде, адамдар оларды бөлек топ ретінде емес, керісінше, осы қоғамның толыққанды бөлігі ретінде жылы қабылдайды. Шынын айтқанда, қазақ жерінде өскен орыстардың менталитетінде қазақшылық басым. Олар біздің мәдениетті түсінеді, әзілді түсінеді, қарым-қатына-сымыз да өте жақын. Кейде тіпті қалжыңдап «мінезі қазақтан да қазақ» деп айтып жатамыз. Бұл — жай сөз емес, шынайы өмірден алынған нәрсе. Бұл тіркесті дұрыс түсінуіміз керек. Ол бөліп-жару үшін емес, елді біріктіру үшін айтылуға тиіс, — дейді Тимур.

Оның ойынша, кейінгі жылдары бұл құбылыс солтүстіктен келген релокация кезінде айқын байқалды. Сол кезде жергілікті орыстар мен жанадан келгендердің айырмашылығы бірден көрінген. Жергілікті азаматтар бұл қоғамға әлдеқашан сіңісіп кеткен, ал жанадан қоныстанғандарға үйренуіне уақыт керек болды. Сол сәтте «өзіміздің» деген ұғымның нақты мәні ашылғандай. Тимур Шымкент қаласында туып-өскен. Оның қазақ тіліне деген қызығушылығын анасы оянтқан екен.

— Қазақ тілін анамын арқасында үйрендім. Анам Валентина Николаевна



Тимур осыдан кейін қазақ тілін жүйелі түрде үйрене бастаған. Ұстаздары да қолдап, арнайы курстарға да қатысқан екен. Ол тіл менгеруде ең үлкен рөл ортаға байланысты екенін айтады. Уақыт өте келе Тимурдың ортасы да қазақ тілінде сөйлей бастады.

— Шымкентте бәрі қазақша сөйлейді деген пікірмен толық келісе алмаймын. Иә, қазақ тілінің қолданысы кең тараған, бірақ бәрі адамның өз тандауына байланысты. Тілді білу — орта мен ниетке байланысты процесс. Бүгінде қазақ тілін білу — мен үшін жай ғана дағды емес, ұстанымым, елге деген құрметім, — дейді жас маман.

Тимур жақында ғана Қазақстан делегациясының құрамында болып, Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде өткен жастар форумына қатысып қайтты. Ол шетелге шыққан сайын қазақ мәдениетін өзге ұлт өкілдеріне танытып, насихаттап жүр.



Карина КУДРЯВЦЕВА



Алексей ЛОДОЧНИКОВ



Тимур КАЗЫМИН

Оңтүстік Қазақстан облысы Арабат ауылында дүниеге келген. Ауыл адамдарының шынайылығы, сыйластығы, ұлттық құндылықтарды берік сақтауы оның бойына да кішкентайынан қалыптасты. Сол тәрбиені кейін маған берді. Мектепке алғаш барғанымда, қазақ тілін білмейтінмін. Сол кезде анам: «Балам, сен Қазақстанда тұрасың, бұл елден кетемін деген ойың жоқ болса, қазақ тілін мен сияқты білуге міндеттісің», — деді. Бұл сөз мен үшін жай ғана кеңес емес, нақты бағыт болды, — дейді ол.

— Шетелге шыққан сайын адам әртүрлі ойға келеді. Басқа елдердің өмірін көресің, тәжірибе жинайсың, салыстырасың. «Осында тұрсаң, қалай болады?» деген ойдың болуы — қалыптаспай жатпай, бірақ елден кетемін деген мақсат ешқашан болған емес. Мен үшін шетел көру — көшу үшін емес, Қазақстанды таныту үшін мүмкіндік. Жинаған тәжірибені елге әкеліп, осы жерде іске асыру әлдеқайда маңызды деп есептеймін, — дейді Тимур.

### «БІР АТАНЫҢ БАЛАСЫМЫЗ...»

Тілге, нәсілге, ұлтқа бөлу — санамыздағы тек шартты ұғым. Шын мәнінде, тұтас адамзат бір атаның баласындай. Бірлік күні жақындағанда, жазушы Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» шығармасы еріксіз ойға орала беретіні... Ахмет ақсақал бар баласын соғысқа аттандырып, кейін ауылға қара қағаз келіп жатқан шақ... Ұрпақсыз қалдым деп есенгер жүрген ақсақалдың үмігін қайта жаққан — Зигфрид Вольфганг

# БІРЛІГІ БЕКЕМ – БЕРЕКЕЛІ МЕКЕН



Қазақстан халқының бірлігі мерекесі – ел ішіндегі татулық пен келісімнің жарқын үлгісін айқындайтын елеулі күн саналады. Бұл мерекеде ортақ шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп жатқан сан түрлі этнос өкілдерінің бір мақсат, бір мүдде жолында біріге алатынын паш етеді.

## Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім және тіл орталығы» КММ-нің мәліметіне сәйкес, түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері қоныстанған Сыр өңірінде де қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл ретте Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы құрылымдар мен этномәдени бірлестіктердің белсенділігін айрықша атап өтуге болады.

Атап айтқанда, бүгінде өңірде 9 Аналар кеңесінде 157 ана қоғамдағы тәрбиелік, рухани құндылықтарды дәріптеуге улес қосса, 10 Ақсақалдар кеңесінің құрамындағы

160 ардагер ел бірлігін сақтауда және ұрпақ тәрбиесіне бағыт-бағдар беруде ықпал етіп жүр. Сол сияқты «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі аясында 80 көшбасшы қалыптасып, оның 50-і өңірлік активте тұрақты жұмыс атқарып жүргенін алға тартады.

Қайырымдылық пен ізгілік бағытында өңірдегі «Жомарт жан» орталығы да маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар 24 өкілден тұратын ғылыми-сарапшылық топ қоғамдық пікір қалыптастырса, ақпараттық кеңістікте 20 БАҚ өкілін біріктірген журналистер клубы қоғамдағы бірлік пен келісім тақырыбын кенінен насихаттап келеді.

Жалпы, бүгінде аймақта 11 этномәдени бірлестік пен 1 Достық үйі жұмыс істейді.

Бұл құрылымдар түрлі этнос өкілінің мәдениетін, тілін, дәстүрін сақтап қана қоймай, оларды ортақ құндылықтар төңірегінде біріктіруге қызмет етуде.

«2025 жылдан бастап этносаралық қатынастар саласында ауқымды жұмыс атқарылады. Қоғамдық құрылымдар мен этномәдени бірлестіктердің қатысуымен 543 іс-шара өткізіліп, оған 33 250 адам қатылды. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Бұл — халықтың бірлік мәселесіне деген қызығушылығы мен белсенділігінің артқанын көрсетеді», — деп мәлімдеді Қоғамдық келісім және тіл орталығы КММ баспасөз қызметі.

Сыр өңірінде бірлік пен келісімнің жарқын үлгісін көрсетіп жүрген аудан орталықтары мен елді мекендер қатары аз емес. Соның ішінде облыс орталығына іргелес қоныстан Сырдария ауданы айрықша маңызға ие.

Бүгінде аудандағы түрлі этнос өкілі, оның ішінде орыс, көріс, неміс, татар, өзбек, украин, қырғыз, молдаван, башқұрт, түрікмен, белорус өкілдері ауызбіршілікпен тұрып жатыр. Ауданда жалпы саны — 453 түрлі ұлт өкілі тұрмыс кешеді. Этнос өкілдері ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына белсене қатысып, елдің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып жүр. Бұл бірінші кезекте көпұлтты қоғамдағы бірліктің нақты көрінісі десек қателеспейміз.

— Біздің ауданда 11 түрлі ұлт өкілі тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Барлығымыз бір атаның балаларындай бір-бірімізге бауыр-малмыз. Бұл — біздің ең үлкен байлығымыз. Ең алдымен, қоғамда өзара құрмет пен түсіністік қалыптасуы керек. Яғни, әр ұлттың тіліне, мәдениетіне, дәстүріне сыйластықпен қарау — қоғамдағы тұрақтылықтың басты кепілі. Біз осы құндылықтарды берік ұстанамыз. Әрдайым осындай татулық пен бірліктің кереметтей үлгісін жастарға да

өнеге етіп, көрсетіп жүреміз. Осы арқылы жастарды елжандылыққа, бірлікке, толеранттылыққа тәрбиелеуді мақсат тұтамыз. Алдағы уақытта да бірлігімізді нығайтып, түрлі мәдени іс-шара арқылы халықтар достығын арттыруды жалғастырамыз, — дейді шешен ұлтының өкілі Люба Махмураева.

Жалпы, аудан орталығындағы «Достық үйі» маңызды рухани әрі қоғамдық орталыққа айналған. Онда этносаралық қатынастарды үйлестіруде және ұлттық құндылықтарды дәріптеуде Қазақстан халқы Ассамблеясы қағидаттарына негізделген жұмыстар жүйелі жүргізілуде.

Мұнда заманауи талапқа сай мәжіліс залы, арнайы кабинеттер жабдықталған. Сонымен қатар 15 мыңға жуық кітап қоры бар кітапхана, түрлі форматтағы іс-шараға арналған «Қазақстан халқы Ассамблеясы» залы жұмыс істейді. Бұл орталық тек мәдени емес, қоғамдық ұйымдардың да басын біріктіретін маңызды алаң саналады. Сонымен қатар аталған ғимаратта аудандық ардагерлер кеңесі, әйелдер кеңесі, мүгедектер қоғамы және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық филиалы орналасқан. Сонымен қатар колонершілер мен суретшілердің шеберханалары ұлттық өнерді дамытуға өз үлесін қосуда.

Осы орайда мәдени өмірдің айрықша көрінісі ретінде «Достық» вокалдық ансамбли атауға болады. Оның құрамында көріс, шешен, орыс, украин, молдаван, армян, татар этностарының өкілдері бар. Ұжым аудан көлеміндегі барлық мерекелік шараға белсенді қатысып, көпшілікті өз өнерлерімен сусындатып келеді.

— Теренөзек кентінде тұратын этнос өкілдері татулықтың туын жықпай, ауызбіршілікпен тұрмыс кешіп жатырмыз. Анам ұзақ жылдар ұстаздық қызметті абыроймен атқарды. Жолдасым медициналық сақтандыру қорында табысты еңбек етіп

есімді немістің сары баласы. «Шаңырағым шайқалып, отым өшті» деп жүргенде, неміс баласын бауырына басып, Зекеңді өгейсітпей, нағыз ер етіп тәрбиелейді. Қарсы келген қиындыққа қарсы ұруды үйретеді. Шығарма ұтқа, нәсілге бөлінбеуді, адамзатқа достық, бауырмалдық, ізгілік қасиеттерді насихаттайды. Әрине, бұл оқиға зұлматты дәуірдің бір белгісі болып сақталып қалды. Дегенмен, сол бір бауырмалдықтың ізі бейбіт күнде де көрініс табатын кездер де туалы. Астананың тумасы, Еуразия ұлттық университетінің 4-курс студенті Каринаның әңгімесі сол бір шығарма желісін қайта еске түсіргендей күйде қалды.

— Қазақ тілі мен үшін ешқашан бөтен болған емес. Қазақы ортада өстім, 3 жасыма тілім қазақша шықты. Қазақ тілінің жылуын бала кезден сезіндім. Балалар үйінде тәрбиелендім, сол ортада қазақ тілі күнделікті қарым-қатынас тіліне айналды. Уақыт өте келе тілге жақындығым тек сөйлеу деңгейінде қалып қойған жоқ, мектепте оқып жүргенде, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәніне қызыға бастадым. Көркем шығармаларды көп оқыдым, қазақ халқының тарихын, мінез-құлқын, табиғи болмысын тіл арқылы түсіндім, — дейді Карина Қудрявцева.

Каринаның әкесі — неміс, анасы — удмурт. Әкесінің туыстары қазір Германияда екен. Ал Каринаның 12 жасында қазақ отбасы асырап алыныпты. Каринаның қазақ тіліне деген махаббаты оны мамандық таңдауда да адастырмаған екен. Оның жаны қалап, тандаған саласы — қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы.

— Бала кезімнен қызығушылық пайда болса, кейіннен қазақ руханиятына қызмет еткен тұлғалардың жазған-сызғанын оқып, шешімді нақтыладым. Жүрегімде орын алған тұлғалардың бірі — Қайым Мұхамедханұлы. Оның Абай мұрасын зерттеуі, әдебиеттану саласын дамытуға бағытталғандығы, ғылымға адалдығы ізденісіме шабыт берді. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының синтаксистік ерекшеліктері атты тақырыпта ғылыми жұмысымды жазып жатырмын. Мақсатым — халық мұрасындағы тілдік байлықты, жыр мәніндегі сөйлем құрылымын, сөз тіркестері мен құрмалас сөйлемдердің ерекшелігін ғылыми тұрғыдан зерттеу. Осы жұмыс арқылы қазақ тілін тереңдігің, көркемдік қатын танытқым келеді, — дейді Карина.

Карина үшін қазақ тілі — жай ғана мамандық емес, өмірімен біте қайнаскан күш. Қазақ тілін еркін менгеруі оны тек ізгілікке, жақсылыққа жетелеп, талай жолда пайдасын тигізген. Каринаның қазақша ойлап, қазақша сарайғанына танданып қарайтындар көп, бірақ ол қазақ тілінде сөйлеу таңғалатын дүние емес дейді.

— Кей адамдар жылы пікір білдіріп, қолдап жатады, ондайда қазақ тілі мені адамдармен жақындастыратын көпір екенін сеземін. Бала кезімде «Балапан» арнасы шақырып, телеарнаға да шықтым. Көптеген іс-шараға қатысып, өзімді жан-жақты дамыттым. Ең бастысы, қазақ тілінде еркін сөйлеуім сенімділігімді арттырды. Қазақ тілін жақсы білуім ҰБТ тапсырған кезде де көп көмегін тигізді. Ұлттың басқа болғанымен, қазақ халқына, тіліне, мәдениетіне деген құрметім биік, болашақта қазақ тілін оқыту саласында, өзге ұлт өкілдеріне танытуда да еңбек еткім келеді, — дейді ол.

Ертеректе балалар жаттайтын «Ақпыз, кара, сарымыз, ағайынбей бөріміз», — деп келетін тақпақтағыдай жаны қазақ бауырлардың еңбегі мен беталысы, ізденіс қоғамда әрдайым ерекше бағаланады. Біреулер оларға қарап, жана іс бастаса, бірі тіл менгеруге ұмтылып жүр. Бұл да — ел бірлігінің бір белгісі.

# ТЕМІРҚАЗЫҚ

Басы 2026 жылғы 23 сәуірге №45 санды

**А**лаш тақырыбына жазылған ғылыми әдебиеттерде әлі күнге дейін Алаш мемлекеттілігі Ресей қарамағындағы автономия ретінде құрылды деген жадағай тезис басым болып келеді. Біз мұның саяси тұрғыдан негізсіз, ғылыми жағынан дәйексіз екендігін осыдан 26 жыл бұрын жарық көрген «Алаш бағдарламасы: қиянат пен ақиқат» атты еңбегімізде (2000 жыл) дәлелдеп көрсеткенбіз.

Алаш бағдарламасы 1917 жылы қараша айында «Қазак» газетінде жарияланды. Бұл кезде империяның болашақ тағдыры бұлыңғыр еді. Империядағы билікке таласқан саяси күштер мен партиялардың арасалмағы бағамдай келіп, бағдарлама түзуші Алаш оқымыстылары оны федерациялық үлгідегі демократиялық ел болады деп шамалайды. Бұл бағдарламаның «Мемлекет қалпы» деп аталатын 1-тарауындағы: «Россия демократиясы, федеративті республика болу» деген алғашқы сөйлемінен анық аңғарылады.

Алаш бағдарламасы жарияланғаннан кейін екі ай өткенде, яғни 1918 жылдың 16 қаңтарында Кеңестердің Бүкіл-ресейлік III съезі «Еңбекші және қаналған халықтар құқықтарының декларациясын» қабылдайды. Оны жасаушылар Алаш бағдарламасындағы тұжырымдарды пайдаланып: «Кеңестік Ресей республикасы ерікті ұлттардың еркін одағы негізінде кеңестік ұлт республикасының федерациясы ретінде құрылады», — деп жазды.

Өкінішке қарай, Н.Мартыненко дейтіннің 1929 жылы құрастырған «Алаш-Орда» Сборник документов» атты жинағына «Алаш» бағдарламасы кеңестік саясат мүддесіне сай қасқана бұрмаланып аударылды. Бұдан кейінгі орыс және шетел тілдеріндегі зерттеулердің басым көпшілігі дәл осы теріс аударманы басшылыққа алумен болды. Мысалы, Орта Азияны зерттеу қоғамы (Оксфорд) 1985 жылы «1917-1920 жылдардағы мұсылман саяси партияларының бағдарламалық құжаттарын» шығарды. Жинақты құрастырушылар бағдарламаны С.Диманштейннің «Революция и национальный вопрос» атты кітабынан көшіріп басқан, ал ол өз кезегінде мәтінді бәз-бәз Мартыненконың каской аудармасынан алған.

Тағы да Алаш бағдарламасының түпнұсқасына оралайық. Онда алғашқы сөйлемнің мағынасын нақтылай түсу үшін ары қарай жақша ішінде: «Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Фидирасия мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі. Фидиративті республикада һәр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Һәрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді», — деген тайға таңба басқандай анықтама берген.

Ал енді осы анықтаманың түпнұсқасы мен оның орысша аудармасына құқықтық талдау жасап көрейік. «Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі» деген сөйлем «Значение федерации — объединение равных государств» болуы керек еді. Оны бөлшек аудармашылар «Федерация — союз мелких государств» деп мағынасын қасқана бұрмалап көрсеткен.

«Құрдас» деген сөзінің бұл контексте «равный» дегеннен басқа мағынасы жоқ, ал мелкий «ұсақ» деген ұғымды береді.

Бағдарламада одан әрі: «Федеративтік республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді», — делінген. Санкт-Петербург пен Мәскеудің ең іргелі университеттерін бітірген, басым бөлігі кәсіби зангерлерден тұратын Алаш кайраткерлері «федерация» ұғымының түрлі формасы болатынын терең білген. Олардың «әр мемлекеттің іргесі бөлек болады» деген тезисінің түбінде дербес мемлекеттердің одағы саналатын конфедерация ұғымы жатыр. Конфедерацияның бүгінгі үлгісі — «әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүретін» қазіргі Еуроодақ.

Бағдарлама мәтіні мен оның құқықтық аспектілеріне бұдан әрі тереңдемей әнтімені осы тұстан қайыра болсақ, оны түзушілер Алаш автономиясын Ресейге кіріптан немесе оған біржолата бағынышты мемлекеттік құрылым ретінде емес, онымен терезесі тең, қазакша тігісін жатқызып айтқанда — құрдас, екі тізгін, бір шылбыры түгелдей өз қолындағы тәуелсіз мемлекет ретінде құруды көздеген.

Р.Мәрсековтің Жапон Үкіметіне жолдан хатында Алашорданы Уақытша үкімет құлаған соң бұрынғы Ресей империясының аумағына құрылым егемен мемлекет ретінде көрсеткен деп білеміз. Жапон тарапы Алаш үкіметі атынан келген хатқа жауапты үнемі кешейілдетте берген. Оның екі түрлі себебі болғанға ұқсайды.

Біріншіден, Жапония ежелгі жауы — Ресейдің қайтадан күш алып кетуін көздемеген. Сол себепті ол саяси билікті қолына жинай бастаған большевиктерге қарсы қарулы күреске дем беріп, бүкіл Ресейді Азамат соғысы өртінің шарпыуына қалаған.

Жапондар Киуэр Шығысты ғана емес, Сібірді, тіпті Оралдан ары өтіп, революция көсемі Лениннің туған қаласы саналатын Симбирскіге дейін (кейінгі Ульяновск) жаулап алған адмирал Колчакқа таңдау жасап, оған зор қолдау көрсетеді.

Кеңестік тарих сөзет өкіметінің қас жауы саналатын Колчак өмірбаянын барынша қарапайым көрсетсе, бүгінгі Ресей тарихшылары оны өз елінің патриоты ретінде аспандата бағалауға әуес. Олар Колчактың Англия, АҚШ және Жапонияда болып, осы елдің басшылары,

әскери генералдарымен ымыраласқаны туралы жақсы білсе де, оны жазуға аса бейіл таныта қоймайды.

Колчак АҚШ-та болған сапарында 1917 жылдың 16 қазанында Президент В.Вильсонмен кездескен.

Ол АҚШ-тан жапон пароходы «Карио-Марумен» Иокогамаға келгенде большевиктердің Уақытша үкіметті құлатқаны туралы хабарды естиді. Колчак 1918 жылдың жазында Жапония Қарулы Күштері Бас штабының бастығы генерал Уэхара Юсаку, Бас штаб барлау басқармасының бастығы Накадзима Масатакэ және жапон барлау қызметінің подполковнигі Танакомен кездесіп, олармен тығыз байланыс орнатады.

Жапон әскери тарихшылары өзін

Ресейдің Жоғары билеушісі әрі Жоғары бас қолбасшысы деп жариялаған Колчакқа Дербес Манжур отрядының командирі атаман Семенов арқылы 2 миллион патрон, 30 зеңбірек, 50 мың снаряд, 20 мың винтовка мен оның 40 миллион патроны, 100 пулемет пен 2 миллион оқ бергендігі туралы деректер келтіреді.



Адмирал Колчак Харбинде, 1918 жыл

1918 жылдың тамыз айында оған жапон әскерлерінің қорпусы да қатысып, қалаға бірге басып кіреді. Адмирал жапон қаруының күшімен Сібірден Орталық Ресейге қарай жеңісті жорығын бастағанда жапон әскерлері Ресейге қарасты Амур теміржолын басып алып, 1918 жылдың қыркүйегінде оны түгелдей қызылдардан босатады.

Осылайша, Колчактың большевиктерге қарсы жорықтарына жол ашып, оған әскери күшпен де, техникамен де орасан зор көмек жасаған Жапония үкіметі өздері жыға танымайтын Алаш автономиясына көмек көрсетуге асыға қоймаған.

Қай нәрсеге болсын, асқан сақтықпен қарап, асықпай шешім қабылдайтын жапондар үшін хатқа қол қойған Р.Мәрсековтің өзі де, оның құзыреті де күмен тудыраңға ұқсайды.

Жалпы, Алашорда үкіметінде ішкі билік нақты бөлініске түспеген. Сол себепті автономия мен үкімет атынан жазылған құжаттарда Алаш атынан бейресми вице-премьер қызметін атқарған Ә.Ермеков, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, Р.Мәрсековтердің қолдары жиі кездеседі. Бұл Алаш автономиясында ғана емес, сол кездегі Ресейде билікке ұмтылған түрлі саяси күштер мен жана мемлекеттердің бәріне тән құбылыс еді.

Жапон тарапының жауабы кешейілген соң Р.Мәрсеков Владивостоктан кетуге мәжбүр болады. Әйтсе де, Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш басшылары Жапониядан келер жауаптан күдерін үзбеген.

Азамат соғысы жылдарында Сібір дүрбелең үстінде еді. Әуелде декабристер, халықшылар, революционерлер мен империяға қарсы саяси қайраткерлердің айдалу мекеніне айналған өлкеде Уақытша үкімет құлаған соң түрлі саяси күш пайда болып, олар билік үшін күресті бастап кетеді. Алаштың мұндай құрылымдармен келіссөздердің басым көпшілігін Сібірдің бейресми астанасы саналатын Томскіде оқып, оның зиялы қауымымен жақын араласқан Әлихан Ермеков жүргізді.

Әлихан Бөкейханов Колчак армиясы құрамында болған жапонның жоғары шенді офицерлері арқылы олардың үкіметіне Алашорда жолдаған хаттың жауабын сұратқан. Бұл кезде Ресейдің іштен ыдыратудағы бірден-бір ірі күш саналған Колчак армиясын қолдауды үдете түскен жапондар бұл жолы да қазақтарға жарытымды жауап бермеген.

Алаш автономиясы таратылып, олардың бір тобы алға қойған мақсаттарын



Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД, заң ғылымының докторы, профессор, академик

# АЛАШ ПЕН ЖАПОН АРАСЫ

жүзеге асыру үшін амалсыздан большевиктер жағына өте бастағанда кеңес тарапы алашордалықтарға кеңшілік көрсетіп, оларға жауапты қызмет те ұсынған. Алаш ақсақалы А.Байтұрсынұлы 1919 жылы Кирревком мүшесі ретінде Алаш автономиясы үлгісімен Қазак АССР-ін құруға қатысып, 1920 жылы Қазак республикасының Оқу-ағарту халық комиссары болды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1918 жылдың жазында Міржақып Дулатов, Садық Аманжолов және Райымжан Мәрсековтермен бірге шекарадан өтіп, Шауешек қаласына келген. Осындағы атакты татар көпесі Рамазан Шанышевтің үйіне түсіп, ауқатты қазақтар мен жергілікті зиялы қауым өкілдеріне Алаш автономиясы мен Алаш әскерінің жай-күйі туралы мағлұматтар беріп, әскер жасақтауға көмек беруге шақырады. Осы сапар барысында Алаш арыстары Шауешектегі жапон консулдығының өкілімен кездесіп, оларға жаңадан құрылған Алаш автономиясына қолдау көрсетуді ұсынған дейтін мағлұматтар бар, бірақ бұл әлі де болса нақты мұрағаттық құжаттармен дәлелдей түседі қажет етеді.

Алаш арыстары осы сапарында фотоға түскен. Оларды «әртіретші Мұхамеджан» атанған жергілікті фотогаф суретке тартқан. Мұхамеджанның қызы Никара ханым Шығыс Түркістан қазақтары азаттық күресі жетекшілерінің бірі, полковник Балқаш Бафинге күйеуге шығады. Никара Мұхамеджанова апамыз әкесі түсірген сол фотоны көзінің қаршығындай сақтап, ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында «Қазак әдебиеті» газетінде жариялады. Алаш арыстарымен қатар, Шауешектің зиялы қауымы және қазақтар арқалы ақыны Әсет Найманбаев бейнеленген бұл сурет Алаштың бейнелі тарихы ретінде ұлт шежіресіне енді.



Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш арыстары Шауешек қазақтарымен бірге

Тағы бір дерек көздері бойынша Алаш арыстары нұсқаған жолмен кейін Шығыс Түркістан қазақтары өз бетінше жапон консулдығына шығып, өздерін қамқорлыққа алуы өтініпті. Бұған олар: «Қазақтар жаппай жапон азаматтығын алуы керек, сонда ғана біз сіздерді қанағымызды астына аламыз», — деген сынайда жауап беріпті. Ресей мен Қытай сияқты екі алып империя тарапынан отаршылдық саясаттың талай құқайын көрген Шынжаң қазақтары үшінші бір елге кіріптан болғысы келмеген.

А.Байтұрсынұлының Шауешекке сапары, Ә.Ермековтің Сібірдегі жапон офицерлерімен кездесулері, Р.Мәрсековтің Владивостоктағы Жапония бас консулы орынбасарымен жолығып, оған Алаш автономиясы атынан өтініш-хат табыстауы сталиндік репрессия жылдарында «жапон шпиондарымен күрес» атты саяси жазалау науқанына желеу болып, талай жазықсыз Алаш арыстары оққа байланды. Бұл — өте ауқымды тақырып. Дегенмен солардың ішіндегі осы есесі аталатын Алаш кайраткерлері тағдырының жапон тақы-

рыбына қатысты тұстарына қысқаша ғана қайырылып өткенді жөн санадық.

Шыңтуайтқа келгенде, Алаш кайраткерлері ішінде Жапон үкіметінің өкілімен бетпе-бет кездесіп, оған Алашорда атынан өзі қол қойған хатты тапсырған адам жалғыз Райымжан Мәрсеков еді.

Әлихан Бөкейханов пен Әлімхан Ермековтің Колчак армиясындағы, Сібірдегі түрлі уақытша құрылымдардағы Жапонияның кейбір өкілдерімен кездесуі мүмкін деп есептейміз, бірақ оның қай кезде, нақты қандай адамдармен болғанын тап басып айту өте қиын.

Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш арыстарының Шауешекке сапары барысында жапон үкіметіне қолдау сұраудан бұрын Шынжаңдағы өлді, ауқатты қазақ байларынан жас Алаш автономиясына көмек алу мақсаты басым болған.

Жиырмасыншы ғасырда атак-данқы әлемді шарлап тұрған Жапонияға большевиктік платформа болған қазақ кайраткерлерінің де іш тартқандары болды. Олар да қызмет бабымен түрлі деңгейдегі лауазымды тұлғалармен, ірі компания, фирма басшыларымен кездесулер өткізген. Бірақ мұның ешқайсысында олар қазақ елін алыстағы Жапонияның протектораты, ал өздерін жапонның тыңшысы ету мақсатын ұстанбағаны айдаң анық.

Ресейдің ең ірі университеттерінен білім алған қазақ зиялылары барған сайын күш алып бара жатқан жапон милитарізімі мен озбырлығы жайынан да әбден хабардар болды. Жапония, ең алдымен, тізесін іргесіндегі өздерімен тағдырлас корей халқына батыруды бастады. Корейді түгел өзіне қаратқан соң Қытайға ауыз салып, кейін оның солтүстік-шығысында түгелдей Жапонияға бағынышты Манжуго атты қуыршақ мемлекет құрды. Осының бәрін көріп, біліп, күнделікті баспасөзден оқып отырған қазақ зиялылары Жапония

мұрағаттарында оларға қатысты том-том деректер әлі күнге дейін қаттауды күйінде тұр. Төңкеріске дейін Ресей империясында округтік соттың присяжный поверенный сияқты лауазымына қол жеткізген Р.Мәрсеков те ұдайы жандармерияның аңдуында болған.

Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде сақталған 1914 жылы Р.Мәрсековтің үстінен түсірілген екі доностың бірінде ол 1914 жылдың жазында Қоянды жәрмеңкесіне жалпықазақ газетін шығару мақсатында 2000 рубль көлемінде қаражат жинау үшін үгіт жүргізіп, «Ярдаш» баспаханасымен келіссөздер жасағаны хабарланған.

Екінші доноста осы мәселені нақтылай түсіп: «Ввиду поступивших в управление агентурных сведений о том, что группа интеллигентных киргизов (казахов), в главе которой стоит присяжный поверенный Раймжан Марсеков, намерены издать в Семипалатинске на киргизском (казахском) языке газету прогрессивного направления. Предлагаю проверить (через агентуру и запросив областное правление), насколько верны вышеперечисленные сведения», — деп жазылған (ҚР Президентінің мұрағаты, 32-қор, 2-тізім, 4893-іс, 1-том, 235-бет).

Алаш қоғалысының белсенді кайраткері болған Райымжанды аңду кеңес заманында да жалғасты. Жоғарыда аталған мұрағатта 1922 жылдың 20 ақпанындағы доноста Ж.Ақбаев, Ә.Бөкейханов және Р.Мәрсековтің Қарқаралы өңіріндегі ықпалды байларды өз қатарына тарту үшін жүргізген үгіт-насихат туралы баяндалған.

Қазак даласында болған 1921 жылғы ашаршылық халқымызға өте ауыр тиді. Мұхтар Әуезов 1921 жылдың 10 желтоқсанында өлкелік партия комитеті мен Қаз ЦИК-тің мәжілісінде «Қазак республикасы қазақсыз қалады» деген баяндама жасап, зұлматқа ұшыраған халқына көмек қолын созуға шақырады. Осы жылдары Қытаймен шекаралық аймақта отырған қазақ ауылдары ала бағанның арғы жағындағы ағайынға қарай жөнкіле көшті. Большевиктік билік мұны ұйымдастырушы ретінде Р.Мәрсеков деп танып, 1922 жылдың 25 наурызында оған жазбаша түсінік алады.

Кеңес өкіметі Алаш кайраткерлеріне амнистия жариялап, А.Байтұрсынұлы бастаған кайраткер тұлғалар нарком қызметіне дейін жоғарылаған тұста жазылған түсінігінде Р.Мәрсеков көп жайларды ашық, анық жазған.

Ол Колчак билігі кезінде Сібір үкіметімен жүргізілген келіссөздер негізінде Алаш әскери құрамалары жасалғанын және олардың мақсаты Колчакқа қызмет ету үшін емес, кеңес өкіметінің әрбір ұлттың өзі-өзі билеуге берілген құқына сәйкес қазакты қорғау үшін құрылғанын мәлімдейді.

Р.Мәрсеков өзінің Алаш әскерін құруды Алашорда үкіметі тапсырғаны туралы: «Создание же киргизских частей и их объединений (из разных русских воинских частей) с указанной воинской целью — осуществление своих национальных задач — было возложено на меня Семипалатинским обл. Советом Алаш-Орды», — деп ашықтан-ашық жазды.

Осы түсінікте ол отбасымен Қытайға алғаш Семейдегі билік қызылдар қолына көшкен соң өткендігін көрсететін дерек келтірген. Ол ашық қуғындау басталған соң өзінің Көкпектегі отбасын Зайсан арқылы Қытайға алдырып, екі жыл бойы сол жақта бой тасалағанын, жергілікті халықтың өзін жатсынбай, үлкен қонақжайлықпен қарсы алып, құрмет көрсеткендігін де атап өткен. Түсінікте ол шекараның арғы жағында өткізген екі жылы туралы: «Я мытарствовал на чужбине, не зная истинного положения вещей и политики Советской власти, которая защищает права угнетенных народов», — деп Кеңес өкіметіне салмақ сала сөйлейді.

Шыңдығында, шекараның арғы бетіндегі қазақ ауылында болған Р.Мәрсековтің отбасы орнынан көп қозғала қоймаса да, өзі Семей мен Өскеменге жиі келіп, Қазақстанның әр тұсында өткен Алаштың алуан шараларына қатысып тұрған. Мұны сол кезде НКВД жансыздары түсірген өзге де доностардан айқын көруге болады.

Р.Мәрсеков Қытайға өтіп кетсе де, ГПУ-дың сол елдегі агентурасы оны аңдуын тоқтатаған. Семей ГПУ-ы 1923 жылы 6 қыркүйекте оның Шауешектен Қазақстанға өтіп, Шымкент уезі Созак ауылына дейін келгендігін жөнінде жазба түсірген. Оның үстінен 1924 жылы төрт бірдей донос жазылып, оның бірінде Р.Мәрсеков башқұрт кайраткері Зәки Валидиен Шауешекте тұрып жатқандығын, екінің бірінде 1924 жылы Алаш қаласына келіп, А.Козыбағаровпен кездескені жайлы баяндалған.

Семей ОГПУ-і 1925 жылы шамамен қаңтар-ақпан айларында Райымжан Мәрсековтің Қызыл Октябрь болысын дағы ауқатты байлардың бірі Сулеймен Жүсіповке жолдаған хатын қолға түсіріп, онда Р.Мәрсековтің Шауешек қаласындағы Американың сауда өкілдігіне Хиловский дейтіннің басшылығымен қызмет істейтіндігін, қаражат жинаған соң Англияға кетуді жоспарлап отырғанын көрсетеді.

Р.Мәрсековтің Қытай жеріндегі тағдыры бізге оның жақын туыстары мен ұрпақтары арқылы ғана мағлұм болды. Біз оның 1938 жылы НКВД тапсырмасымен Қытай түрмесінде атылғаны жайлы ғана білеміз. Бұл кездері Шынжаң өлкесін Кеңес Одағының он алтыншы республикасындай сезініп, ВКП(б) дейін мүшелігіне өткен, Сталиннің сеніміне кіріп, одан орасан зор көлемде әскери және экономикалық көмек алған, қандықол басшы Шэн Ши-цай басқарды.

## ЗЕРДЕ

30 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Біз көбіне «бәрі генде жазулы» деп ойлаймыз. Бірақ ғылым геннің ар жағында одан да күрделі тетік жатқанын дәлелдеп жатыр. Адамды анықтайтын тек геннің өзі емес, оның қалай «сөйлейтіні», қалай жұмыс істейтіні екені белгілі бола бастады. АҚШ-тағы UC Berkeley университетінде еңбек ететін қазақ ғалымы Жадыра Еркеш – осы саладағы ізденістердің басы-қасында жүр. Бүгінде Нобель лауреаттарымен тізе қоса отырып ДНҚ құрылымы мен эпигенетиканы зерттейтін маман бізге адам ағзасында гендердің қалай реттелетінін түсіндіріп берді.



# БИОЛОГИЯДАҒЫ «АҚТАҢДАҚ»:

## ЭПИГЕНЕТИКА – ГЕННІҢ ДИРИЖЕРІ

### ГЕНЕТИКА – КЕСІП-ПІШІП ҚОЙҒАН ТАҒДЫР ЕМЕС

— Жадыра, сіздің зерттеу аяңыз ДНҚ құрылымындағы хроматин мен жалпы эпигенетиканың биохимиясын қамтиды екен. Мұны зерттеу не үшін маңызды? Қарапайымдау тілмен түсіндіріп беріңізші.

— Заманауи ғылымдағы ең ірі сабақтың бірінен бастайын. 2003 жылы аяқталған «Адам Геномы» жобасы – тарихтағы ең ауқымды ғылыми жобаның бірі болды. Оның мақсаты әуелгіде қарапайым болып көрінді – адамның ДНҚ-сын «оқып», аурулардың кілтін табу. 2000 жылы Ақ үйде жобаның нәтижесін жариялаған сәтте сол кездегі АҚШ президенті Клинтон «Бүгін біз Құдайдың тіршілікті жаратқан тілін үйренеміз», – деген еді. Жобаның нәтижесі бәрін таңғалдырды. Бірінші жаңалық – адамда небәрі шамамен 20 000 гена бар екені анықталды. Салыстырмалы түрде айтсақ, көзге көрінбейтін топырақ құрты C. elegans, яғни бар-жоғы 959 жасушадан тұратын микроскопиялық жәндікте де шамамен 20 000 ген бар екені белгілі. Ондаған жыл бойы адамда кемінде 100 000 ген бар деп сенген ғалымдар үшін бұл расымен күтпеген хабар болды. Сонда ген тұрғысында адам мен құрт арасында айырмашылық мүлдем болмағаны ма деген сауал маза бермеді. Ал бүгін біз не білеміз? Организм неғұрлым күрделі болса, гендердің саны өспейді екен: қайта сол бар гендердің қашан, қай жасушада, қалай оқылатынын реттейтін молекулалық жүйе соғұрлым күрделенеді екен. Адамның C. elegans құртынан ерекшелігі – ген санының көптiгiнде емес, олардың регуляциясының қыр-сырында жатыр екен.

құрылымына әсер етіп, гендердің экспрессиясын өзгертеді. Кейбір жағдайда бұл өзгерістер ұрпаққа да берілуі мүмкін. «Адам Геномы» жобасының басты сабағы мынау болды: созылмалы аурулардың кілті гендердің өзінде емес, олардың реттелу жүйесінде жатыр екен. Дәл осыны зерттейтін ғылым – эпигенетика.

— Адамның өмірінде геннің рөлі қаншалықты? Эпигенетика бұл шекараны қалай өзгертеді?

— Өмірде неден таңдау жасай аласыз, ал нені таңдай алмайсыз? Ата-анасын ешкім таңдап тұмайды. Ал сол ата-анадан мұраға берілген гендер – сіздің биологиялық «стартыңыз». Генетика белгілі бір мағынада детерминистік: қай ауруларға бейімнің бар, дене ерекшеліктеріңіз қандай болады – мұның бір бөлігі өмірге келген сәтте белгіленіп қойған.

Дегенмен генетика – кесіп-пішіп қойған тағдыр емес. Мұны ең айқын дәлелдейтін құбылыс – генетикасы бірдей егіздер. Мысалы, ДНҚ-лары 100% бірдей болса да, 40–50 жасқа келгенде егіздің бір сынарында жүрек ауруы бар, ал екіншісінде жоқ болуы өте жиі кездеседі. Яғни, бірі дұрыс тамақпен, ұйқымен, белсенді өмірмен гендерінің «жаман жақтары» тежеп ұстаған, ал екіншісі нашар диета мен қозғалысы өте аз болғандықтан оның эпигеномы мүлдем басқа жолмен кеткен.

— Қоршаған орта мен өмір салты эпигенетикаға қалай әсер етеді, бұл өзгерістер қаншалықты ұзақ сақталады (тіпті ұрпаққа берілуі мүмкін бе) және олардың психикалық денсаулықпен байланысы қандай?

нетикалық тұрғыдан айтқанда, ДНҚ тізбегі өзгермейді – ол тайға таңба басқандай дененіздегі 30 триллион жасушаның әрқайсысында сіз тұмай жатып қалыптасқан және сол күйінде қалады. Ал эпигенетикалық белгілер динамикалық болып келеді: оларды өмір салтыңыз, ас-ауқатыңыз, ортаңыз арқылы өзгертуге болады. «Нашар» эпигенетикалық белгімен өмірге келдіңіз бе – ол өте үлкен проблема емес және бұл – эпигенетиканың медицина үшін ең маңызды қасиеті.

маңызды, іргелі олқылықты толтыруға бағытталған.

Тарих мұндай зерттеулердің потенциалын қайта-қайта дәлелдеген. 1960 жылдары бактериологтар бактериялардың вирустарға қарсы иммунитетін зерттеді – ешқандай медициналық мақсатсыз, тек «бұл қызық» деп. Сол таза қызығушылықтан туған жұмыс бүгін CRISPR деп аталады: ол – адамзат тарихындағы ең революциялық биомедициналық жаңалықтардың бірі. Ешкім бұны алдын-



### «ҚАЙТЫМДЫ АУРУЛАР» САНАТЫ ПАЙДА БОЛУЫ МҮМКІН

— Соңғы жылдары эпигенетикалық өзгерістерді нысанаға алатын жаңа терапия түрлері дамып келеді. Осыған байланысты, эпигенетикалық терапия деген не және оның болашағы қандай деп ойлайсыз?

— Эпигенетикалық жолмен «өшірілген» генді қайта қосуға немесе артық белсенген ауру генін өшіруге болады. Дәл осы мүмкіндік эпигенетикалық терапияның бүгінгі медицинадағы ең перспективалы бағыттардың біріне айналдырып отыр.

Эпигенетикалық терапия онкологиядан тыс та кеңейіп келеді, әсіресе 2-типті қант диабеті, жүрек жеткіліксіздігі, биполярлық бұзылыс, аутизм, нейродегенеративті аурулардың барлығында эпигенетикалық механизмдердің рөлі зерттеліп жатыр. Механизмдері ең батыл бағыт – картауды биологиялық деңгейде кері айналдыру десем артық емес. 2006 жылы жапон ғалымы Яманака ересек жасушаларды жас эмбриондық жасушаларға айналдыратын транскрипция факторларын ашып, бұл жаңалығы үшін Нобель сыйлығын алды. Кейінгі зерттеулер жасушаларды бір апта ішінде эпигенетикалық жолмен жасарта алатын химиялық коктейльдерді анықтады. Паспорттық жас өзгермей, биологиялық жас азаяды, бұл бағыт әзірше эксперименттік, бірақ болашағы өте зор.

Менің ойымша, алдағы жылдары эпигенетикалық терапия онкологиядан нейродегенеративті аурулар мен психиатрияға дейін кеңейеді; адамның «нақты биологиялық жасын» өлшейтін эпигенетикалық маркерлер клиникалық практикаға енеді; ең бастысы, «қайтымды аурулар» деген жаңа медициналық категория пайда болады.



ала жооспарлаған жоқ. Александр Флеминг зертханасына оралып, пластинкасындағы зенге таңырқақ қараған кезде зерттеу бюджетін дәлелдеп отырған жоқ еді, ол ғалымды жай қызықтырды. Нәтижесі – пенициллин, миллиардтаған өмірді сақтап қалған антибиотик.

Бүгінгі ғылым қаржыландыру жүйесі «нәтиже не болады?» деп сұрайды. Бірақ шынайы жаңалық алдын-ала болжауға келмейді. Тек «пайдалы» деп белгіленген нәрсені ғана зерттесек, біз қартаны жай қайта сызғамыз, жана континент ашпаймыз. Curiosity-driven research – ғылымның жанартылмайтын ресурсы. Оны тоқтатсаңыз, бес жылдан кейін не жоғалтқаныңызды байқамауыңыз мүмкін, бірақ ұзақ уақыттан кейін оны әлбетте түсінесіз – бірақ кеш болады.

### ҒЫЛЫММЕН АЙНАЛЫСКАННЫҢ ДАУСЫ БАР

— Бұрынғы академиялық тәжірибенің салыстырғанда, UC Berkeley-дегі жүйе несімен өзгеше? Нобель лауреаттарына арналған автоұрақ сияқты символикалық дүниелердің өзі бұл университеттегі ғылыми атмосфераны аңғартатындай. Осындай ортада интеллектуалдық еркіндік пен үлкен идеяларға ұмтылуы қалай қалыптасады?

— Берклиге келгенде бірінші байқауым – академиялық мәртебенің қарым-қатынаса кедергі жасамайтыны. Нобель лауреаттары, жас постдоктар, студенттер – бәрі бір семинарда бірдей белсенділікпен пікір алмасады.

Ең маңызды айырмашылық – коллаборация мәдениеті. Мұнда әр зертхана өз ішінде ғана жұмыс істемейді. Химик биологпен, математик нейробиологпен бірлесіп жұмыс жасайды. Мұндай байланыстар мұнда табиғи түрде қалыптасады, өйткені жүйе соған ынталандырады.

Семинарларда студент профессорға қарсы пікір айта алады – бұл қалыпты жағдай және бұл сыни ойлаудың нормға айналғанын көрсетеді. Жалпы айтсам, Беркли ортасы батыл сұрақтарға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сізден оны күтеді. Бұл – психологиялық тұрғыдан маңызды айырмашылық. Дұрыс ғылыми орта зерттеушінің тақырып таңдауына, идея ұсынуына, тіпті қателесуге деген қарым-қатынасына тікелей әсер етеді.

— Ғылымдағы әртүрлілік (diversity) зерттеу нәтижелеріне әсер етеді деп ойлайсыз ба?

— Бұл сұраққа мен абстрактілі емес, өз тәжірибемнен жауап берейін. Өйткені мен Берклидегі жалғыз қазақ әйел ғалыммын. Статистикалық тұрғыдан алғанда, «сирек кездесетін» категориямын.

Ғылымдағы diversity – тек әділет мәселесі емес, ғылымның сапасына да әсер етеді. Мысал келтірейін, жұпқа ауруы белгілері ондаған жылдар бойы негізінен ер адамдарда зерттелді. Нәтижесінде әйелдердегі инфаркт белгілері мүлдем өзгеше екенін ұзақ уақыт байқамадық: ол белгі – кеудедегі күшті ауырсыну емес, жүрек айну, шаршау, иық ауруы екен. Сол белгілермен келген әйелдер дұрыс диагноз алмай кетіп жатты. Ғылыммен кім айналысса – қандай сұрақ қойылатынын да сол шешеді.

Менің өз зерттеу бағытыма да бұл тікелей қатысты. Эпигенетика саласындағы зерттеулердің басым бөлігі Батыс популяцияларында жүргізілген. Қазақстан халқының тарихи тәжірибесі – ашаршылық, депортация, кеңестік дәуірдегі озбыр саясаттың біздің халыққа эпигенетикалық тұрғыдан қалай әсер еткені мүлдем зерттелмеген, себебі сондай сұрақты қоятын ғалымдар болмаған.

Diversity – жай алуан түрлі беттер жиналған бөлме емес. Бұл алуан түрлі тәжірибе, алуан түрлі сұрақтар, алуан түрлі «қалыпты» деген түсінік. Ғылым объективтілікке ұмтылады, бірақ оны жасайтын адамдар – субъект. Сондықтан зерттеушілер неғұрлым алуан түрлі болса, объективтілікке соғұрлым жақын боламыз.

### BIRBALA BOOKS – АЙДЕНТИТИ ЖОБАСЫ

— Айтпақшы, сіздің «Birbala books» жобаның шетелдегі қазақ ата-аналары арасында айтарлықтай танымал болып келе жатыр. Amazon маркетплейсіндегі қазақша кітаптарыңызды көріп қуанып қалғанымыз рас. Жалпы, бұл идея қалай, қашан туды? Жобаның мақсаты, мүмкіндіктері, жеміші айтып өтсеңіз?

— Birbala books – бір қарағанда балалар кітабы жобасы. Бірақ шын мәнінде миссиясы әлдеқайда күрделі жоба.

Өзімнен бастайын. Мен Қытайдың Алтай өңірінде туып, Алматыда өстім. Екеуі де қазақ ортасы болғанымен, мәдениеті, менталитеті, тіпті қазақ тілінің өзі де екі басқа. Магистратураны Астанада (НУ), докторантураны оқығанда Сауд Арабиясында тұрдым, ал қазір Американың Беркли қаласындамын. Бүгінде американдық-қазақ баланың анасымын. Иммиграция да, ана болу да – өзінді жаңадан таңауға мәжбүрлейтін процестер. Осы екеуі қосылған кезде, бір сұрақ үнемі ойыңда жүреді: балам қандай адам боп қалыптасады? Ал жалпы, өзіме де, Шәкәрім атамыз айтпағанды, «Келдім қайдан, нәтесім пайдам, өлгеннен соң не болам» деген экзистенциалық сұрақтар маза бермейтін.

Зерттеулер көрсеткендей, екі мәдениет арасында өскен балалар (оны «third culture kids» деп атап жүріміз) егер өздерінің мәдени тамырымен байланыс орнатпаса, ересек шақта жеке басын таңу дағдарысына (identity crisis) жиі ұшырайды. Тілі – тек сөздер жиынтығы емес, ол – дүниені қабылдау тәсілі және мәдени код. Бала өз тілін жоғалтқанда, ол сөздерді ғана емес, өзінің бір бөлігін жоғалтады. Сондықтан Birbala Books – identity жобасы.

Бірақ бұл жобаның тағы бір бағыты бар – ол ғылымды қыры. Ғылым қарьеры маған бір нәрсені үйретті: олқылықты көрсен – оның орнын толтырасың. Диаспорадағы және тіпті Қазақстанның өзіндегі қазақ балаларына (әсіресе 5 жастан кіші) арналған сапалы, заманауи кітап жобасы – осындай зор олқылық еді. Сонымен қатар, ғылым маған кітаптарды зерттеуге негіздел жасауды үйретті. Баланың тілді қалай меңгеретіні, иллюстрацияның танымдық дамуға әсері, эмоциялық интеллектті дамыту, қазақи құндылықтар, екітілді форматтың артықшылықтары – осының бәрі біздің кітаптарда ескерілген.

Мен үшін бұл жоба – ана болу мен ғалымның жұмысы тоғысқан жер. Ал өмірімің қазіргі кезеңінде сол білімді өз халқыма осы форматта қайтара аламын – мен үшін үлкен бақыт. Ғылым қандай ортада қалыптастырумыз – біздің жауапкершілік. Біз бес айда 3 кітап шығардық, олар әлемнің 12 елінде сатылымда және тегін аудиокітаптарды дүниенің кез келген бұрышынан birbala.com сайтына кіріп тыңдауға болады.

Мен қазақ тілінің, мәдениетінің адвокатымын және бұл – саяси позиция емес, жүректен шыққан сезім. Кітап – өзін жайлы айтудың (self-expression) ең адал тәсілдерінің бірі деп ойлаймын. Бұл жобадан ғалымдығым да, ана ретіндегі болмысым да, халқыма деген шексіз сүйіспеншілігім де жатыр.

— Мазмұнды әңгіменіз үшін көп рахмет!

Сұхбаттасқан  
Ботәгөз МАРАТҚЫЗЫ,  
Калифорния, АҚШ

Эпигенетика саласындағы зерттеулердің басым бөлігі Батыс популяцияларында жүргізілген. Қазақстан халқының тарихи тәжірибесі – ашаршылық, депортация, кеңестік дәуірдегі озбыр саясаттың біздің халыққа эпигенетикалық тұрғыдан қалай әсер еткені мүлдем зерттелмеген, себебі сондай сұрақты қоятын ғалымдар болмаған.

Екінші қызық жаңалық – адам ДНҚ-сының шамамен 1,5%-ы ғана гендерді кодтайды екен. Ал қалған 98%-ға жуығы бастапқыда «кодыс ДНҚ» деп аталып, жылдар бойы ескерусіз қалған еді. Бірақ кейінгі ENCODE жобасы бұл пікірді түбегейлі жокқа шығарды: сол «кодыстың» 80%-дан астамы биологиялық белсенді, гендердің жұмысын реттейтін күрделі молекулалар екені белгілі болды.

Үшінші жаңалық (бәлкім, ең маңыздысы) – жүрек ауруы, қант диабеті, депрессия, Альцгеймер сияқты созылмалы аурулардың таза генетикалық үлесі орта есеппен 20%-дан аспайды екен. Яғни, генетиканың осы ауруларға бейімділігі болса да, бұл оған міндетті түрде шалдығасыз дегенді білдірмейді. Қалған 80% – қоршаған орта, тамақтану, стресс, өмір салты сияқты факторларға байланысты. Осы тұста сұрақ туады: бұл сыртқы факторлар денеге қалай әсер етеді? Олар ДНҚ тізбегін өзгертпейді, бірақ гендердің қашан және қай жасушада оқылатынын реттейді. Мысалы, созылмалы стресс белгілі бір гендердің белсенділігін төмендетеді, ал тамақтану хроматин

— Қоршаған орта мен өмір салты эпигеномға тікелей әсер етеді. Мысалдар өте көп: темекі тартқанда ДНҚ тізбегіндегі С (цитозинге) метил тобы қосылып, өкпе ауруларына қатысты гендер белсенеді. Созылмалы ұйқысыздық иммундық жүйені реттейтін гендерді бұзады. Тіпті балалық шақтағы стресс те ұзақмерзімді із қалдырады.

Бұл өзгерістердің ұрпаққа берілуін transgenerational epigenetic inheritance дейміз. 2013 жылы Эмори университетінің ғалымдары тышқандарды алқызыл гүл иісінен қорқуға үйретті. Ең қызығы, сол қорқыныш тышқандардың ұрпақтарына берілген екен: бұл реакция тіпті жасанды ұрықтануды арқылы туған балаларда да байқалған. Яғни қорқыныш ата-ана мен баланың тікелей қарым-қатынасы арқылы емес, таза биологиялық жолмен де беріледі екен.

Мұны естігенде занды сұрақ тууы мүмкін: жана гена генетика детерминистік деп айттыңыз, ал енді эпигенетика да ұрпаққа берілетін болса, екеуінің айырмашылығы қайда? Негізі айырмашылығы – түбегейлігінде, себебі эпигенетикалық өзгерістер – қайтымды процестер. Ге-



Ауыл – ұлттың ғана емес, мемлекеттілігіміздің де алтын діңгегі, тіршілігінің тамыры. Тарих тегершігі қалай айналса да, ауылдың стратегиялық маңызы ешқашан бәсеңдемек емес. Сондықтан ол әрдайым мемлекет назарында. Президент ауыл шаруашылығын дамыту мәселесіне бүкіл елді өркендету деп қарайтынын мәлімдеген еді. Соңғы он жылда саланың жалпы өнімі 2,5 есеге, яғни 3,3 триллионнан 8,3 триллион теңгеге дейін артты. 2030 жылға дейін бұл көрсеткішті тағы 2 есе арттыру міндеті қойылды. Бұл биік мақсат кадр тапшылығының тар өткеліне тіреліп тұр.

Сіздің қанша жыл бейнет кешкеніңізді көрдік. Бар жиғаныңыз қарыздан аспады» депті. Менде де жұмысшы тапшы. Заманауи құрал-жабдықтың арқасында ғана күн көріп отырмыз. Мысалы, сиырды аппаратпен сауамыз. Бірақ қой қырку, малды тері ауруларынан, эктопаразиттерден қорғау үшін шомылдыру секілді түрлі науқанда жұмыс күші жетпей қалады. Көмектесетін жан жоқ, – деді фермер.

2024-2026 жылдар аралығында ауылдан қалаға 111,2 мың адам көшіп

іске асырылып жатқанын жеткізді. Осы мақсатта Үкімет 2026 жыл басында «Мал шаруашылығын дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған кешенді жоспарын» бекітті. Кез келген стратегиялық құжаттың өміршеңдігі ондағы қарапайым еңбек адамының әлеуметтік көңіл-күйімен өлшенетіні мәлім.

Сол себепті вице-премьердің түсіндіруінше, біріншіден, сала қызметкерлерін әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру шаралары қарастырылған. Атап айтқанда, біріншіден, жұмыс орындарын субсидиялау механизмін бақташылар мен шопандарға қолдану, осы мақсатта тиісті нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу мәселесі пысықталып жатыр. Сонда олардың жалақысының жартысына дейінгісі бюджеттен төленеді және фермерлерге түсетін жүктеме азаяды. Немесе олар жалақыны бұрынғы деңгейде қалдырып, бюджеттік субсидия есебінен айлық көлемін арттыра алады. Бұл – еңбек адамының табысын еселеуге, шаруашылық шығынын азайтуға бағытталған онтайлы қадам.

Екіншіден, көшпелі мал шаруашылығында жұмыс істейтін, яғни қиянда мал бағатын қызметкерлер санаттарын зиянды еңбек жағдайларында қызметін жүзеге асыратын тұлғалар тізбесіне қосу мүмкіндігі қарастырылуы үстінде екен. Тиісті өзгеріс қабылдана, онда шалғайдағы жайлауда мал өсіретіндер зиянды еңбек жағдайларында ұзақ уақыт жұмыс істеген қазақстандықтарға тағайындалатын арнайы әлеуметтік төлемді (АӘТ) ала алады. Бұл төлем берілуі үшін адам 55 жасқа толуға және

путаттары бастамашы болған «Кейбір заңнамалық актілерге ветеринария мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қаржыландыруды тұжырымдамалық түрде қолдады. Құжат ветеринария саласындағы мамандардың еңбекақысын одан артықтарға бағытталған. Жыл сайынғы еңбек демалысымен бірге сауықтыру жәрдемақысын төлеуді, ғылыми дәрежесі бар ветеринарларға 17 АЕК (ғылым кандидаты) және 34 АЕК (ғылым докторы) мөлшерінде қосымша ақы белгілеуді, сондай-ақ қосымша ынталандырушы үстемеақыларды енгізуді көздейді.

Еңбек министрлігінің болжамына сәйкес, 2030 жылға дейін агроөнеркәсіп кешенінде 63 мың адамға деген кадр қажеттілігі туындайды. Оның 88%-ы – жұмысшы және төмен білікті кадрларға тиесілі, жоғары білімі бар мамандардың үлесі 12%-ды (шамамен 7,6 мың адам) құрайды. Бұл ретте ауыл шаруашылығы бағыттарында мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі жыл сайын артып келеді.

«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағытында 2025-2026 оқу жылына 3 018 грант (2024 жылы – 2 951), «Ветеринария» бағытында 1 451 грант (2024 жылы – 1 178) бөлінді. Ауыл жастарының аграрлық жоғары білімге қолжетімділігін арттыру үшін ауылдық квота 30-дан 35%-ға дейін ұлғайтылды. Ауыл шаруашылығы мамандықтарына түсу үшін ҰБТ-ның шекті балы 60-тан 50 балға дейін төмендетілді.

С.Жұманғариннің айтуынша, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» бағыттары бойынша мемлекеттік білім гранттары санын ұлғайту ұсынысы депутаттардың қатысуымен 2026-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік білім тапсырысын бөлу жөніндегі республикалық комиссия отырысында қаралады. Мұның бәрі – ауыл баласының туған жерінде еңбек етуіне жол ашатын жеңілдіктер. Білім гранттарын көбейту мәселені бір жағы ғана, бастысы – сол жас маманның ауылға оралып, тұрақты жұмыс істеуіне қажетті инфрақұрылым мен тұрмыстық жағдайдың жасалуында. Қазіргі талап бойынша ауыл квотасымен оқығандар бітірген соң кемінде 3 жыл ауылда қызмет етіп, біліміне бюджеттің шығынын еңбегімен өтеуге тиіс.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Темір Қырықбаев ауылдағы шаруалармен кездесулерде агросектордағы ең өзекті әрі күрделі мәселенің бірі ретінде олардың кадр тапшылығын атайтынын жеткізді. Әсіресе, малшы, сауыншы, механизатор, ветеринар, агроном, зоотехник секілді мамандардың жетіспеушілігі бар.

– Бұл жағдай ауылдық жерлердегі тұрмыс деңгейінің төмендігімен, еңбекақы

# ДАЛА ДИДАРЫ:

## ӘЛЕУЕТ пен ӘРЕКЕТ ҚАБЫССА,

### ауыл түлейді

**А** Елдос СЕНБАЙ

#### ӨСІМ мен ӨЗГЕРІС

– Мал шаруашылығының әлеуетін барынша пайдалану қажет. Байтақ даламыздың барлық аймағында жыл он екі ай бойы мал бағуға болады. Әрине, малды бағып, өсіру, оның санын көбейту – оңай шаруа емес, өте күрделі жұмыс. Мемлекет тиісті қолдау көрсетеді. Мақсат – мал басын еселеу. Сол арқылы Қазақстанның халықаралық нарыққа ет жеткізуші ірі ел ретіндегі мәртебесін бекіте аламыз! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің II форумында.

Ресми статистикаға сенсек, бұл салада біраз жетістік байқалады. 2026 жылдың қаңтар-наурызында мал шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі 2025 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 103,6%-ды құрады. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша I тоқсанда мал мен құстың союға өткізілген көлемі өткен 2025 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3,4%-ға – 407,6 мың тоннадан 421,6 мың тоннаға дейін өсті. Сиыр сүтінің өндірісі – 3,6%-ға немесе 629,8 мыңнан 652,7 мың тоннаға дейін, ал тауық жұмыртқасы – 9,5%-ға немесе 1 млрд 21 миллионнан 1 млрд 117,6 млн бірлікке дейін ұлғайды.

Ұлттық статистика бюросының ақпаратына жүгінсек, 2026 жылғы I сәуірдегі жағдай бойынша бір жыл ішінде үй құстары саны 48 млн 626 мыңнан 47 млн 899,2 мыңға дейін азайды. Бұған қарамастан басқа мал түрлеріне қатысты оң динамика бар: қой мен ешкі саны 22 млн 650,7 мыңнан 23 млн 173,3 мыңға дейін, ірі қара мал саны 8 млн 895,7 мыңнан 9 млн 155,7 мыңға дейін, жылқы саны 4 млн 444,6 мыңнан 4 млн 758,6 мыңға дейін, шошқа саны 526,9 мыңнан 544,7 мыңға дейін көбейді. Әрине, Президент тапсырғандай, мал саны еселеп өскен жоқ, бірақ қарқыны жаман емес.

#### АУЫЛДЫҢ ҚАЛАҒА АЙТАР НАЗЫ

Әйткенмен, салада қордаланған мәселе де жетерлік. Салдарынан ондаған мың ферма жабылып қалды. Ұлттық статбюро хабарлауынша, 2024 жылы елде 270 мың шаруа қожалығы болса, 2025 жыл қорытындысында 245 мыңға дейін кеміген. АШМ мұны фермалардың іріленуімен түсіндіріп, алаңдауға негіз жоғын айтады. Қалай болғанда, 30 жылдан астам кезеңде шаруа қожалықтарының саны алғаш рет осынша көпке азайыпты және бұл үрдіс екінші жыл қатарынан тіркелді. Ауыл шаруашылығы



министрлігі агробизнесінің кооперативтерге бірігіп жатқанын, тиімділігі төмен фермалардың жабылып қалғанын мәлімдеді.

– Фермерлік қожалықтардың саны 14,4 мың бірлікке азайды, ал заңды тұлғалардың саны артты. Қалыптасқан динамика аграрлық сектор құрылымындағы сапалы өзгерісті айқайтайды. Агробизнесінің шоғырлануына, кооперацияның дамуына, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға бағытталған үрдіс өрбиді. Мұны агроөнеркәсіп кешенінің негізгі көрсеткіштерінің өсуі дәлелдейді. Атап айтқанда, 2025 жыл қорытындысында ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 5,9% өсіп, 9,8 триллион теңгеге жетті, – деп түсініктеме берді министрлік.

Осы саланың ыстығына күйіп, суығына тонып жүрген қарағандылық шаруа қожалығының өкілі Ерлан Қожабайдың айтқан уәжі – тек бір фермердің мұны емес, тұтас бір саланың жанайқайы іспетті. Кәсіпкердің пайымдауынша, жоғары салық, жемшөп пен азық-жем бағасының тым аспандап кетуі ауыл шаруашылығымен айналысатын азаматтардың еңсесін түсіріп тұр. Бұған мал индеттері және білікті маман тапшылығы секілді шешімін таппаған түйткілдерді қоссаңыз, ауыл адамының бүгінгі ауыр жағдайын бағамдау қиын емес.

– Ауыл кәсіпкерлері қажиды. Біразы бизнесін тоқтатып, қалаға көшіп кетіп жатыр. Ауылда мал бағатын адам қалмай барады. Жастардың да көңілі бұл кәсіпке аумады. Олар үшін мал бағу – ауыр, машақаты көп, лас жұмыс. Қаладағы жарық өмір, жеңілдеу қызмет тартып тұрады. Ұзақ жыл шопан болған бір танысым бар. Енді зейнетке шықты. Балаларына «ісімді жалғастырыңдар» десе, олар бас шайқапты. «Жоқ, әке,

кеткен. Күніне шамамен 135 адамнан кетіп отырған. 2026 жылғы сәуірде 20 532 240 қазақстандықтың тек 7 414 712-сі ауылда қалды. Яғни, бұрынғы ауыл мен қала халқы азда-көпті тең болса, бүгінде қалалықтар саны екі есеге жуық көп. Е.Қожабай тағы бір мәселені көтерді: «қалалық» кәсіптей көрінетін IT-мамандары ауылға да қажет. Мысалы, егін

оған 7 жыл бойы кәсіптік зейнетақы жарналары аударылуға тиіс.

Бұдан бөлек, мал шаруашылығының адымын аштырмай тұрған тағы бір проблема – мал дәрігерлерінің жетіспеуі. Кейбір өңірде ондаған ауылға жалғыз ғана ветеринар қызмет көрсетеді екен. Осы орайда Серік Жұманғарин ветеринария мамандарының еңбекақысын арттыру мақсатында 2023-2025 жылдары жергілікті атқарушы органдарға республикалық бюджеттен нысаналы



салып, мал өсіретін кейбір шаруашылық дронмен бақылауды енгізіп жатыр. Бірақ оны басқаратын, баптайтын, сынса жөндейтін майталманды қаладан ауылға алдырту қиын. Бұл аграрлық мамандық саналмайтындықтан ауылдық квотаға да ілікпейді екен.

#### ҚОЛДАУДЫҢ ҚИСЫНДЫ ТЕТІКТЕРІ

Ауыл шаруашылығы – экономиканың қозғаушы күші ғана емес, ұлттық қауіпсіздіктің де нысаналы шебі. Алайда сала ең заманауи техника мен озық технологияны игергенмен, оны жүргізетін, дала төсіндегі еңбектің қадірін білетін білікті маман тапшы болса, істің ілгері басуы екіталай. Үкіметтегі ауыл шаруашылығына жетекшілік ететін тұлға, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин жастар арасында агросектордың тартымдылығын арттыру және еңбек өнімділігін өсіру мақсатында жүйелі іс-шаралар кешені

трансферттер түрінде 29,6 млрд теңге бағытталғанын еске салды.

– Соның нәтижесінде ветеринариялық дәрігерлердің орташа жалақысы 119,7 мыңнан 271,5 мың теңгеге дейін өсті. 2026-2028 жылдарға арналған үш жылдық бюджеттен жыл сайын 12,2 млрд теңгеден бөлу қарастырылған. 2023 жылдан бастап ветеринария мамандарына I және II топтағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істегені үшін тиісінше 35% және 50% үстемеақылар белгіленді. Сондай-ақ екі лауазымдық айлықақыдан кем емес мөлшерде сауықтыру жәрдемақысын төлеу қарастырылған, – деді вице-премьер. Еңбеккердің қазіргі өмірі мен қарттық шағын қадірлі әрі қолайлы ету мемлекеттің экономикалық қуатын ғана емес, оның моральдық келбетін де айқындайды.

#### КАДР ҚАЙТСЕ ҚАДІРЛІ БОЛАДЫ?

Мұның сыртында 2025 жылғы 9 қазандағы отырысында Республикалық бюджет комиссиясы Парламент де-

мөлшерінің жеткіліксіздігімен және әлеуметтік қолдау тетігінің әлсіздігімен тікелей байланысты. Әсіресе, ауыл шаруашылығы жұмыскерлерінің арасында жұмыс берушісі зейнетақы жарналарын аудармайтын азаматтар саны айтарлықтай көп. Ертен олар лайықты зейнетақысыз қалуы мүмкін. Бұл мәселелерді шешкен маңызды. Жұмыс берушілерден міндеттемелерін толық орындауын талап еткен, бақылау тетіктерін күшейткен жөн. Ауыл шаруашылығы саласына мамандарды тарту және оларды тұрақтандыру мақсатында кешенді әрі жүйелі өзгерістер енгізу қажет, – деді депутат.

Тұрақты өндіріс пен сапалы өнім – халықтың әл-ауқатын айқындайтын іргелі өлшемнің бірі. Жаһандық азық-түлік дағдарысы белең алған заманда елдің тамақпен өзін-өзі қамтамасыз етуі – тәуелсіздіктің басты тірегі. Ауыл шаруашылығындағы әрбір өзгеріс, әрбір қорғалған маман – Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының кепілі.



## СЫРДЫҢ ЖАҢА СӘУЛЕТІ

Кейінгі жылдары Қызылорда облысының мәдениет саласында оң бастамаларға бетбұрыс бар. Тарих тағылымынан сыр тартқан өңірде мәдени инфрақұрылымды жаңғырту, мәдениет нысанында атықарылған жұмыстар сан алуан.

**А** Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы

Жыл басында Сыр топырағында өткен Ұлттық құрылтайда Президент жаңа драма театрын салу мәселесін сөз еткені көпке мәлім. Аймақтың мәдениет саласына серпін беретін жаңа құрылыс нысанын салу бастамасын жергілікті жұртшылық жағымды жаналық ретінде жылы қабылдады.

Жалпы, өңірде жүзеге асырылып жатқан жүйелі жобалар мен іргелі бастамалар тұрғылықты халықтың рухани өмірін байыттып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды жанаша серпінмен дамытуға жол ашып отыр. Соның ішінде Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасына сәйкес құрылысы қарқын алған жаңа театр аймақтың мәдени тынысын кеңейтетін рухани орталыққа айналатынына сенім зор.

Жаңа драма театрдың іргетасы облыс орталығындағы Президент саябағы аумағында қалана бастады. Өңірдің мәдени өміріндегі ең ірі жоба саналатын бұл құрылыс нысанының жалпы аумағы 11 мың шаршы метрге тен.

«Жуырда драма театрдың іргетасын қалау және капсула салу рәсімі өткізілді. Бүгінде театр құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Бұл жоба Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде қолға алынғаны көпке мәлім. Келешекте жаңа театр өңірдің мәдениет саласының дамуына жанаша серпін беріп қана қоймай, талай талапты жастардың өз талантының шыңдауға ықпал етеді деп күтілуде», — дейді Қызылорда облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов.



Театр ғимараты 3 қабаттан тұрады. Көрермендер залы 510 адамға негізделіп, заманауи үлгідегі жарық, дыбыс, сахналық құрылғылармен жабдықталмақ. Бұл театрда күрделі қойылымдар қоюға мүмкіндікті арттырады деп күтілуде. Жоспарға сәйкес, академиялық музыкалық-драма театр құрылысы 2027 жылы толық аяқталып, өңірдің өнерсүйер қауымына есігін айқара ашатын болады.

Негізінен, Қызылорда ежелден қазақ кәсіби театр өнері шамшырағын жаққан киелі мекен саналады. Өңірде осыдан бір ғасыр бұрын ұлттық театрдың алғашқы қойылымы сахналанып, қазақ сахна өнерінің іргесі қаланғаны мәлім. Нақты айтқанда, бүгінде Қызылорда қаласында жұмыс істеп тұрған Нартай Бекежанов атындағы драма театрының іргетасы 1955 жылы Талдықорғанда қаланып, Еңбекшіқазақ, Ақсу, Қаратал аудандарындағы колхоз-совхоз театрларының негізінде құрылған. Өнер ордасында

алғашқы репертуар қазақ классикасына бастау алынып. Бертін келе 1960 жылы театр Қызылордаға көшіріліп, өнер ордасының шымылдығы Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері — Ақтоқты» трагедиясымен ашылды. Содан бері театр ұжымы әлемдік сахналарда өнер көрсетіп келеді. Атап айтқанда, Испания, Финляндия, Эстония және Швейцария елдерінде өткен мәдени шараларда ұлттық өнердің шоқтығын биік ұстап жүр.

«Соңғы жылдары Қызылорда өңірінде мәдениет саласына айрықша көңіл бөлініп келеді. Бұл тұрғыда 2022 жылдан бері облыста 22 жаңа мәдениет нысаны бой көтеріп, ел игілігіне берілді. Олардың қатарында 7 «Руханият» орталығы, 10 ауылдық клуб, сондай-ақ «Анаға тағзым», «Өнер», «Отбасы» орталықтары мен заманауи облыстық тарихи-өлкетану музейі бар. Бұл — өңірдің мәдени инфрақұрылымын түбегейлі жаңартуға бағытталған нақты қадам деп айтуға болады. Бір ғана «Руханият» орталықтары саланын өркендеуі мен қызмет көрсету жүйесін оңтайландыруға бағытталған маңызды шешім деуге толық негіз бар. Сол сияқты Сыр өңірінде жыраулық өнерді дамыту мақсатында «Жыраулар үйінің» ашылуын ұлттық өнерге көрсетілген үлкен құрмет деп білеміз. Ал «Тұран» сыйлығы талантты өнер иелерін қолдаудың тиімді тетігіне айналды. Жалпы, өңірде мәдениет саласы бойынша атқарылып жатқан игі жобалардың әрбірі жоғары маңызға ие. Ендігі кезекте аймақта құрылысы қарқын алған академиялық драма театры аймақ өнерпаздарының шығармашылығын жаңа деңгейге көтереріне сенім зор», — дейді Жанмұрат Жаксымұратұлы.

Басқарманың мәліметіне сәйкес, сала мамандарының кәсіби деңгейін арттыруға да айрықша көңіл бөлінуде. Бұл тұрғыда соңғы үш жылда 40-қа жуық маман шетелде және елдің ірі қалаларында біліктілігін жетілдірген. Нәтижесінде, жаңа симфониялық оркестр, инклюзивті театр, жастар театры, заманауи би және хор ұжымдары құрылып, жемісті жұмыс істеп келеді.

Қазір 70 жылдан астам тарихы бар Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрының бағындырған белесі өз алдына бір төбе. 2019 жылы театрға «академиялық» мәртебе берілді. Еңбек жолында театр ұжымы 60-тан астам қойылымды сахналап, жыл сайын 70 мыңнан астам көрерменге қызмет көрсетіп отыр.

Қызылорда облысында мәдениет пен руханият саласы кешенді түрде дамып келеді. Соның айғағындай, өңірде салынып жатқан заманауи үлгідегі жаңа драма театр да Сыр мәдениетінің рухани тірегіне айналғанына сенім зор.

## КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛДІКТІҢ ЕҢСЕЛІ ТІРЕГІ

Қостанай SMART-орталығында «Халықтық Конституция – ұлттық құндылықтар мен бірліктің айнасы» атты сараптамалық кеңес өтті. Іс-шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, облыстық мәслихат өкілдері, сондай-ақ азаматтық сектор өкілдері қатысты.

Жиында Қостанай облысы әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов жаңа Конституция халықтың кең қолдауына ие болғанын атап өтті.

— Референдумға облыс тұрғындарының 73 пайыздан астамы қатысты, яғни 435 мыңнан астам адам. Олардың 90 пайызы «қолдаймын» деп дауыс берді. Бұл азаматтардың жоғары белсенділігін және конституциялық реформаларды қолдайтынын көрсетеді. Негізгі заң 1 шілденен бастап күшіне енеді. Жақын арада ұлттық заңнаманы жаңа нормаларға сәйкестендіру жұмыстары жалғасады, — деді ол.

Басты өзгерістердің бірі — Парламенттің бір палаталы мәртебеге көшуі болмақ. Ал Құрылтай сайлауы 2026 жылдың тамыз айында өтеді.

Парламент Сенатының депутаты, Қостанай облысының тұрақты Бибігүл Ақжолжан өз сөзінде дәстүрлі құндылықтардың рөліне ерекше тоқталды.

— Конституцияда отбасы институтын сақтау, ұрпақтар сабақтастығы мен мәдени мұраға құрмет көрсетуге бағытталған нормалар бекітілген. Яғни, неке — ер мен әйелдің ерікті әрі теңқұқықты одағы екені айқын жазылып тұр. Сондай-ақ мұндағы маңызды нормалардың бірі — кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалардың еңбекке қабілетсіз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті екендігі. Конституцияда бекітілген бұл норма дәстүрлі отбасылық



құндылықтарды сақтауда маңызды болып саналады, — деді депутат.

Бибігүл Бүркітқызының сөзін Қостанай облысы бойынша балалар құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл Несібелі Басенова жалғастырды. Оның айтуынша, жаңа Конституцияда отбасы институтын дамытуға қатысты мәселелер кеңінен қамтылған. Балалардың құқықтарын қорғау ғана емес, ата-аналардың жауапкершілігі де күшейтіліп, балалар үшін қауіпсіз орта қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Қатысушылар сондай-ақ Конституцияның практикалық маңызына да ерекше назар аударды. Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Қостанай облысы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Серік Бектурғанов Конституцияны қабылдау үдерісі бүкіл қоғам үшін маңызды кезең болғанын айтты.

— Конституцияны талқылау көптеген азаматты басты заң мәтініне қайта үніліп, оның күнделікті өмірге қалай әсер ететіні туралы ойлануға итермеледі. Бұл — құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы маңызды қадам, — деді ол.

Оның айтуынша, бұл құжатты толық негізде «халықтық» деп атауға болады, өйткені оны талқылауға елдің барлық азаматы қатыса алады.

Сонымен қатар оның пікірінше, басты мәселе — заңның мазмұны ғана емес, оның орындалуы.

— Конституция — мемлекеттің негізгі іргетасы. Ондағы әрбір «кірпіштің қалай қаланғаны» ғана емес, олардың әрқайсының іс жүзінде қалай қажетке жарайтынын маңызды. Ешбір Конституция өздігінен қоғамды әділетті етіп өркендеті алмайды. Бұл әрқайсымыздың жауапкершілігімізге байланысты. Біз өзара түсіністік, келісім, өзара диалог, құрмет және бір-бірін тыңдауға дайын болу арқылы ғана алға жылжи аламыз, — деді ол.

Жиын қорытындысында сарапшылар, бастысы — заңның мазмұны емес, оның іс жүзінде орындалуы және Конституция қоғамның дамуы үшін негіз болғанымен, әділеттілік пен өркендеу әр азаматтың жауапкершілігіне байланысты деп атап өтті.

## QOSTANAI TECH фестивалі: БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ



Қостанайда QOSTANAI TECH халықаралық отбасылық ғылыми-инновациялық фестивалі өтті. «Жастар сарайында» Қазақстанның барлық өңірінен 10 мыңнан астам қатысушы жиналды. Бұл шара ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылының негізгі оқиғаларының біріне айналды.

Фестивальды Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов ашты. Салтанатты рәсім барысында облыс әкімі цифрландыру мен жасанды интеллект барлық саланың дамуының негізіне айналып жатқанын атап өтті.

Құмар Ақсақаловтың айтуынша, өңдеуші өнеркәсіпте автоматтандыру мен роботландыру белсенді енгізілуде, ал IT шешімдерді қолданатын кәсіпорындар саны артып келеді. Аграрлық секторда цифрлық технологиялар шығындарды азайтып, өнімділікті арттырады, ал медицинада диагноз қою дәлдігін жақсартады.

— Өңірдегі кәсіпорындарда 145 өнеркәсіптік робот жұмыс істейді. Бүгінде егістік жерлердің 100%-ы, жайылымдардың 90%-ы және шабындықтардың 95%-ы цифрландырылған. Бұл тұқым, тынайқыш және өсімдіктерді қорғау құралдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Біздің міндетіміз — технологиялық өзгерістерге бейімделген жаңа буын мамандарын даярлау. Мұны мектептен бастау керек, — деді өңір басшысы.

Сондай-ақ әкім бытыр өңірдегі барлық 440 мектепке жоғары жылдамдықты интернет қосылғанын атап өтті.

Фестиваль аясында TED форматындағы баяндамалар өтті. Спикерлер қатарында KIA QAZAQSTAN бас директоры Де Ки Ким, Freedom Cloud CEO-сы Темірлан Зиналабдин және БҰҰ Бас хатшысының климат өзгерісі жөніндегі кеңесшісі, 2007 жылғы Нобель бейбітшілік сыйлығының лауреаты Раеквон Чанг болды. Қатысушылар жасанды интеллект, цифрлық экономика және білім саласындағы жаңа сын-кәтерлерді талқылады.

Қонақтар үшін өңірдегі орындарына экскурсиялар ұйымдастырылды. Мысалы, Allug автомобиль зауытында дөңкерлеу аймағы, құрастыру желісі, пластик бояу

цехі және оқу аймағы көрсетілді. Бұл жерде бірнеше жылдан бері жаңа қызметкерлер мен студенттерді оқытуға көмектесетін робот қолданылып келеді.

— Бұл өндірістік үдерістерге тез бейімделуге және кадр даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік береді, — деді Allug компаниясының инженері Жасұлан Ақимкереев.

Фестиваль тек ғимарат ішінде ғана емес, сыртта да жалғасты. Облыстық филармония алдында таланттар жәрменкесі ұйымдастырылды. Жас музыканттар өнер көрсетіп, суретшілер келушілерге акварим жасап, техникалық шығармашылық мектептерінің оқушылары өз жобаларын таныстырды. Қонақтарға ғылыми шоулар, сұйық азотпен тәжірибелер және Tesla эффектілерінің көрсетілімдері ұсынылды. Фестиваль аясында өңірдің жетекші өндірушілерінің техника көрмесін және жаңа буындағы ауыл шаруашылығы дронның тамашалауға мүмкіндік болды. Сонымен қатар қызығушыларды жаңа технологиялармен сала мамандары таныстырып, олардың ерекшелігі туралы әңгімелеп берді.

AgroEmpire компаниясының сервистік инженері Данил Митенов қазір мұндай құрылғылар өңірдің аграрлық саласында тиімді қолданыла бастағанын айтты. Оның айтуынша, аросалада адам еңбегін көп қажет етпейтін дрондардың артықшылығы көп.

— Бұл — ұшатын бүркітші. 100 литрлік бағы және 15 метрге дейін қамту мүмкіндігі бар заманауи модель. Бір ауысымда жүздеген гектар жерді өңдей алады, егістікке зиян келтірмейді және адам еңбегін аз қажет етеді, — деді маман.

Оның айтуынша, дронмен жұмыс істеу үшін бір оператор мен көмекші жеткілікті, ал болашақта оны бір адам да басқара алады. Мұндай технологиялар әлемнің басқа

елдерінде кеңінен қолданылып, Қазақстанда да енгізіліп жатыр.

Ал «Жастар сарайының» ішінде атмосфера тіптен бөлек десек болады. Сарай іші интерьер футуристік стильде безендірілген. Кабырғалар микросхемаларға ұқсайды, ал LED-экранлар тек кабырғаларда ғана емес, еденде де орналасып, кеністікті интерактивті цифрлық ортаға айналдырған. Мұнда жергілікті кәсіпорындармен қатар Астана мен Алматыдан келген компаниялардың ондаған стенді қойылыпты және әрқайсысы өздерінің болашаққа деген айрықша көзқарасын ұсыныпты.

Ең танымал экспонаттардың қатарында Жорик роботы мен Гоша робот-иті болды. Алматыдағы XBOT компаниясының өкілі Андрей Макс мұндай әзірлемелер тек көңіл көтеру үшін ғана емес екенін айтты.

— Негізінде бұл — қолы мен аяғы бар компьютер. Оның мүмкіндігі тек қиялмен шектеледі. Бүгін ол промоутер немесе гид бола алады, ал ертең қауіпсіздікке немесе балаларға күтім жасауға көмектесуі мүмкін, — деді маман.

Ерекше қызығушылық тудырған бағыттардың бірі — дрон-сокер. Бұл Қазақстанда енді дамып келе жатқан жаңа спорт түрі. Астанадан келген қауымдастық өкілі Роман Ивановтың айтуынша, елде қазіргі өзінде мұндай шамамен 50 команда бар.

— Бұл — командалық ойын. Бес адам дрондарды басқарады, мақсат — қарсыластан көп гол соғу. Тайдмар қысқа, бірақ өте қарқынды, — деді ол.

Роман Иванов небәрі 17 жаста, бірақ бұл спортпен 4 жылдан бері айналысып жүр. Қазір ол командалықпен бірге 1 маусымда Астанада өтетін халықаралық Drone Soccer жарысына дайындалуда. Оған 10 елден спортшылар қатысады деп күтілуде.

Сонымен қатар Qostanai Hub алаңында студенттер нақты уақыт режимінде цифрлық жобалар әзірледі. Бірнеше сағат ішінде олар жасанды интеллект элементтері бар қосымшалардың прототиптерін жасады.

Командалардың бірі талапкерлерге арналған цифрлық көмекші идеясын ұсынды — ол ЖОО, іс-шаралар мен жалалықтар туралы ақпаратты талдап, білім беру ортасында бағдар беретін мобильді қосымша.

— Бізде мақат жасауға бірнеше сағат қана бар, бірақ оның қалай жұмыс істейтінін қазірдің өзінде көруге болады, — деді қатысушылар.

QOSTANAI TECH фестивалі келушілерге цифрлық технологияларды жақынан танып-білуге, ал мамандарға тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Ұйымдастырушылар жастарды IT мен инженерлік салаларға қызықтыруды және ғылымға деген ынтасын арттыруды мақсат еткенін айтты. Сонымен қатар фестиваль цифрлық болашақ — қиял емес, Қостанай өңірі мен бүкіл Қазақстан өмір сүріп жатқан шынайылық екенін көрсетті.

Фестиваль аясында қонақтар түрлі лекция тыңдап, шеберлік сабақтарына қатысты, көрмелер мен концерттік бағдарламаларды тамашалады. Фестиваль қазақстандық әнші Баянсулудың өнерімен түйінделді.

## АЙМАҚ

30 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Қолөнер – қазақ халқының жаны, ұлттың ұлы мұрасы. Бабадан балаға жетіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан осы өнер түрі халықтың дүниетанымы мен рухани болмысының айнасы іспетті. Сондықтан оған шебердің қолынан шыққан бұйым деп қана емес, ғасырлар қойнауынан сыр шерткен шежіре, тағылымды тарихтың бір парасы деп қарағанымыз жөн.

# ӘЛЕМ ҚОЛӨНЕРШІЛЕРІ – ӘУЛШАТА ТӨРІНДЕ

Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

Осынау ұлттық құндылығымызды заман ағымымен үндестіріп, бүгінгі күнмен қайта қауыштырған қалалардың бірі – Тараз шаһары. 2022 жылы екі мыңжылдық тарихы бар көне Тараздың дүниежүзілік қолөнершілер қалаларының тізіміне енуі үлкен мәртебе. Әрине, ықылым заманнан бері сауда-саттықтың ордасына айналған, тарихы тереңде жатқан қаланың бұл тізімге енуі – заңдылық. Осыған орай бүгінде шаһарда халықаралық қолөнершілер фестивалін өткізу игі дәстүрге айналды. Бұл дәстүр биыл да өз жалғасын тауып, Тараз төрінде кезекті көрме шымылдығын түрді.

Фестивальдың салтанатты ашылу рәсіміне Президенттің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев, шаһар басшысы Бақытжан Орынбеков, Парламент Мәжілісінің депутаттары, халықаралық ұйым өкілдері, шетелдік және отандық қолөнершілер қатысты.

Шараның ашылуы ұлттық нақышпен өріліп, ерекше сән-салтанатпен басталды. Қонақтарды қарсы алу сәтінде ұлттық киім киген қыздар мен ардагерлер дәстүрлі қонақжайлық үлгісін паш етіп, қазақтың жеті тағамынан дәм ұсынды. Бұл көрініс халқымыздың бай мәдениеті мен ғасырлар бойғы салт-дәстүрін танытқаны хақ.

Ең әуелі сөз алған облыс әкімі Ербол Шырақпайұлы Тараздың терең тарихына тоқталып, көне шаһардың қолөнер мен өркеніне орталығы ретіндегі беделіне ерекше екіпін түсірді.

– Екі мың жылдан астам тарихы бар қала ғасырлар бойы сан түрлі халықты



табыстырып, өнер мен дәстүрдің үзілмес желісін қалыптастырды. 2022 жылы қаламыздың дүниежүзілік қолөнершілер қалалары тізіміне енуі – ел мерейін өсірген айтулы жетістік. Осы мәртебе ата-бабадан аманат болған ұлттық қолөнершілердің жаһандық деңгейде мойындалғанының айқын дәлелі, – деді аймақ басшысы.

Келесі кезекте Президенттің кеңесшісі Мәлік Нұржанұлы фестивалдың рухани және мәдени маңызына тоқталып, ұлттық өнердің халық бірегейлігін сақтаудағы рөлін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға әрдайым ерекше мән беріп

келеді. Президентіміз үнемі халқымыздың мәдени мұрасын жаңғырту, ұлттық өнерді қолдау мемлекеттің басым бағыттарының бірі екенін атап өтуде. Бұл – тәуелсіз еліміздің рухани жаңғыру жолындағы берік ұстанымы.

Бұл шара әр елден келген қолөнершілердің тәжірибе алмасуына, шығармашылық байланыстардың нығаюына және жаңа идеялардың туындауына жол ашады деп сенемін. Сонымен қатар жас ұрпақты ұлттық өнерге баулып, төл мәдениетімізге деген құрметін арттыруда ерекше маңызға ие, – деген М.Отарбаев ұлттық құндылықтарды ұлықтауға субелі үлес қосқан бірқатар қолөнер шеберіне ел Президентінің Алғысхаты мен Құрмет грамотасын табыстады.

Сонымен қатар Парламент Мәжілісінің депутаты Гүлара Нұрым мен Дүниежүзілік қолөнершілер ұйымының мүшесі, «Қазақстан этнодизайнерлер одағы» қоғамдық бірлестігінің президенті Салтанат Жапарова ұлттық қолөнерді заманауи талаптарға бейімдеу, этнодизайнды дамыту және қолөнер индустриясына кәсіпкерлікпен ұштастыру бағытындағы маңызды бастамаларды ортаға салды.

Шара барысында мәртебелі меймандар шеберлердің туындылары қойылған

Абай облысының әкімі Берік Уәли Аягөз ауданына барып, тұрғындарға баспана кілтін табыстау рәсіміне қатысты.

## АЯГӨЗДЕ 31 ОТБАСЫҒА ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ



«Отбасы банк» акционерлік қоғамы арқылы 5 қабатты, 60 пәтерлі тұрғын үй кезекте тұрған көпбалалы отбасыларға, жетім балаларға, 1 және 2-топтағы мүгедектерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне бөлу үшін берілді. Аталған тұрғын үйден 31 отбасыға пәтер кілті салтанатты түрде табысталды.

Облыс әкімі баспаналы болған тұрғындарды қуанышымен құттықтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халықтың тұрмыс сапасын арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес Абай облысында тұрғындарды баспанаман камту жұмыстары жүйелі

түрде жүзеге асуда. Аягөз қаласында салынған осы 60 пәтерлі тұрғын үйдің кілтін табыстау рәсімі мұның айқын дәлелі. Дәл бүгін бірқатар өңір тұрғыны баспаналы болып, өздерінің қоныстарын тойлайтын болады. Бұл – мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік жауапкершілігінің нақты көрінісі. Бүгін табысталатын әрбір баспана – бір отбасының жаңа өмірге жасаған қадамы, балалардың болашағына жол ашқан игі бастама», – деді Берік Уәли.

Облыс әкімі аталған үйдің ауласына ағаш көшеттерін отырғызу рәсіміне де қатысты. Баспаналы болған тұрғындар да ризашылықтарын жеткізді.

Алматы қаласы Алматы аудандық №2 сотына Алматы қаласы, Есентайская көшесі, 42 мекенжайында тұратын Момот Сергей Александровичтен өтініш келіп түсті. Өтініште Алматы қаласының тумасы, 19.08.1971 жылы туған, Алматы қаласы, Есентайская көшесі, 42 мекенжайында тұратын, жұмыссыз Момот Александр Анатольевичті қайтыс болды деп тану туралы сұралған. Момот Александр Анатольевичтің жүрген жері туралы мәліметі бар тұлғалардан және мүдделі адамдардан осы хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде Алматы қаласы, Төле би көшесі, 267 үй мекенжайында орналасқан Алматы қаласы Алматы аудандық №2 сотына хабарласуыңызды сұраймыз.

көрмені аралап, қолөнер және туризм орталығының жұмысымен танысты. Сондай-ақ арнайы безендірілген он казак үйдің экспозициясы көпшілік назарына ұсынылды. Әрбір киіз үй белгілі бір тақырыпқа негізделіп жасакталып, онда казак халқының тұрмыс-тіршілігі, музыкалық аспаптары, зергерлік өнері, киіз басу, ағаш ою, тері өңдеу секілді дәстүрлі кәсіп түрлері кенінен таныстырылды.

Биылғы фестивалда ел шеберлерінен бөлек, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан мемлекеттерінен келген 33 қолөнерші өз жұмыстарын ұсынды. Солардың қатарында Өзбекстаннан келген Шерзод Каримов те бар.

– Таразға келу мен үшін үлкен мәртебе әрі ерекше әсерлі сапар болды. Осы арқылы бұл қаланың қолөнердің рухы сақталған, шеберлік дәстүрі үзілмеген

сезіндім. Ою-өрнекте, металл өңдеуде, қару жасау мәдениетінде ортақ белгілер өте көп. Бұл біздің халықтардың тарихи сабақтастығын көрсетеді. Осындай фестивальдар сол ортақ мұраны жаңғыртып, түркі дүниесінің мәдени байланысын күшейтеді.

Маған, әсіресе, Тараз халқының өнерге деген құрметі ерекше әсер етті. Көрмеге келген жұрт әр бұйымның жасалуына қызығып, оның тарихын сұрап, бағалап жатыр. Бұл қолөнердің қоғамдағы қадірі жоғалмағанын көрсетеді. Өнерді түсінетін орта болған жерде шеберлік те дамиды.

Менің ойымша, мұндай халықаралық фестивальдар тек мәдени шара ретінде қаралмауы керек. Бұл – туризмді дамытатын, шеберлерді қолдайтын, ұлттық бренд қалыптастыратын үлкен мүмкіндік. Тараздың дүниежүзілік қолөнершілер



қасиетті орта екеніне көз жеткіздім. Бұл фестиваль біз секілді шеберлерді бір алаңға тоғыстырып, өнер арқылы үндестіріп отырған маңызды халықаралық алаң деп білемін.

Мен бүгінгі көрмеге өз қолыммен жасаған пышақтар мен қылыштарды алып келдім. Бұл – ғасырлар бойы қалыптасқан ұсталық өнердің жалғасы, ата-бабадан қалған аманат. Әрбір бұйымның бедерінде еңбек пен тарих жатыр. Мұндай дүниелерді жасау үлкен төзімділік пен дәлдікті талап етеді. Болатын шындықта, өрнек салу, сабын үйлестіру – бәрі де терең тәжірибеден өтетін күрделі жұмыс. Сондықтан мұны тек кәсіп емес, өнер деп бағалау керек.

Біз мұнда өз туындыларымызды ұсынып қана қоймай, тәжірибе алмасып, өзге елдердің шеберлерімен пікір бөлісіп жатырмыз. Бұл – қолөнердің дамуына өте қажет орта. Осындай кездесулер арқылы ұқсас мектептерді салыстырып, жаңа тәсілдер үйренуге мүмкіндік туады. Мен казак пен өзбек ұсталық дәстүрінің тамыры жақын екенін осы жерде тағы

қаласы ретіндегі мәртебесі бекер берілмегеніне куә болдым. Мұнда сол атаққа лайық рух пен әлеует бар.

Осындай ауқымды бастаманы ұйымдастырып отырған азаматтарға ризашылығымды білдіремін. Бұл фестиваль шеберлерді шабыттандырып қана қоймай, жастарды дәстүрлі өнерге жақындатады. Өйткені қолөнер – өткеннің сарқыншағы емес, болашаққа апарар құндылық. Біз соны бірге насихаттауымыз керек. Тараздан алған әсерім өте жоғары, – дейді шебер.

Екі күнге ұласқан ауқымды фестиваль аясында шеберлік сағаттары, «Дәстүр және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, гала-концерт, ASPARA FASHION WEEK сән көрсетілімі және кәдесый өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Жалпы, бұл игі шара өңірдің туристік тартымдылығын арттырып, қолөнер саласындағы кәсіпкерлікке жана мүмкіндік беретіні анық. Халықаралық қолөнершілер көрмесінің басты құндылығы да осында.

## ЖАНҒА ДАУА КӨРІКТІ МЕКЕН

Елімізде жанға дауа, дертке шипа емдеу-сауықтыру орындары аз емес. Әдетте бұқара олардың көбін демалыс орындары ретінде бағалағанымен, іс жүзінде түрлі арасандардың, санаторийлердің денсаулықты түзетуге қосар үлесі мол болады. Сонымен қатар мұндай орындар жергілікті тұрғындар үшін тұрақты жұмыс орны, табыс көзі, кәсіпкерлік нысаны ретінде де танылған.

Айталық, Жаркенттегі арасанның ашылғанына да жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Сонау 1967 жылы шипажай ретінде ашылды. Алайда ондағы арасандарды бұқара одан бұрын да білгені даусыз. Кейін Кеңес Одағы кезінде арасан ресми түрде зерттеліп, емдеу-сауықтыру орнына айналды. Ал бүгінде «Жаркент-Арасан» деген атпен жұмыс істеп тұр. Кешеннің заманауи үлгіде құрылғанына да 22 жыл толды. Осы жылдар ішінде санаторий еліміздегі табиғи минералды сулар мен емдік балшықтарды және басқа да табиғи факторларды қолданатын жетекші орталықтардың бірі ретінде қалыптасты. Құрамында радонды бар хлор-сульфат натрийлі минералды суы арқылы танылған арасан қан айналуы, жүйе жүйесін, аяқ-қол, буын ауруларын, тері және гинекологиялық сырқаттарды емдеу үшін пайдаланылады. Шипалы судан бөлек, сапалы қызмет көрсету де емделушілердің көңілінен шығып жүр. Содан да болар, кешен Президенттің «Алтын сапа» сыйлығына ие болған. Бұл сыйлық әдетте жоғары сапаға қол жеткізген кәсіпорындар мен мекемелерге берілетінін ескерсек, кешен жұмысының жетістігін бағалаудың нақты көрінісі болар екен.

Был санаторий емделушілерге қосымша мүмкіндіктер ұсынғалы отыр. 3 300 шарты метрлік жана ғимарат іске қосылып, 60 жоғары санаттағы орынға қосымша 50



жұмыс орны ашылмақшы. Яғни, келушілерге 50 білікті дәрігер мен мейірбике қызмет көрсетеді. Осылайша, жаңа жұмыс орындары арасан манайындағы халықты еңбекпен қамтуға қосымша мүмкіндік ашып отыр. Ал жалпы алғанда, сауықтыру кешенінде бүгінде маусымдық кезеңмен 250-ден астам қызметкер еңбек етеді.

Сөз басында айтқанымыздай, санаторийдің негізгі табиғи емдік факторы – радонды термалды минералды су көзі. Оның құрамы мен емдік қасиеттерін түрлі кезеңде жүргізілген ғылыми-зерттеулер әлдеқашан дәлелдеген әрі құрамы өзгермейтіні анықталған. Емдік максатта 25-28°C температурадағы су пайдаланылса, ванна процедуралары үшін 35-37°C деңгейінде қолданылады.

Санаторийде тірек-қимыл аппараты, жүрек-қан тамырлары жүйесі және зат алмасу бузылыстарын, гинекологиялық және урологиялық, сондай-ақ ас қорыту, тыныс алу және жүйке жүйесі ауруларын емдейді. Емдеу бағдарламасына әртүрлі концентрацияда радон ванналары, шарко, циркулярлық, жоғары бағытталған душтар, балшықпен емдеу, физиотерапиялық процедуралар (магнитотерапия, электрофорез), ингаляция, спелеотерапия, емдік

денешынықтыру және радон суын мөлшермен ішу (биовет) кіреді.

Радонмен емдеу әдістері қабынуға қарсы, ауырсынуды басатын, қан айналымын жақсартатын, иммунитетті нығайтатын және қалпына келтіруші әсерімен ерекшеленеді. Емдеу курсы дәрігердің тағайындауымен жүргізіледі және орта есеппен 12-15 процедураны қамтиды. Бір реттік ванна ұзақтығы 10-15 минуттан аспайды. Балаларды емдеу 5 жастан бастап ұсынылады. Яғни, кешенде түрлі жастағы азаматтарды емдеуге мүмкіндік бар деген сөз.

Жетісу өңірінің экологиялық таза, көркем таулы аймағында, Борохузир өзені маңында орналасқан арасанның табиғи-климаттық жағдайы сауықтыру шараларының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Санаторийде көрсетілетін барлық медициналық қызмет лицензияланған және қолданыстағы стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады. Яғни, халықаралық талаптарға сай қызмет көрсетеді деген сөз. Бұл өз кезегінде емдеу-сауықтыру туризмін дамытуға да үлес қосары сөзсіз. Ал еліміздің көрікті жерлеріне, шипажайларына отандастарымыз бен шетелдіктердің көп келуі өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға септігін тигізеді сөзсіз.

# 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

30 СӘУІР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Татьяна Капуова – тағдыры мен таңдауы арқылы қазақ қоғамымен біте қайнасып кеткен ерекше тұлғалардың бірі. Ұлты украин болғанымен, ол бүгінде қазақ тілінде еркін сөйлеп қана қоймай, қазақша ойлайтын деңгейге жеткен. Қазақ отбасына келін болып түскеннен кейін оның өмірінде үлкен өзгерістер басталып, жаңа мәдениетке деген қызығушылығы терең құрметке ұласқан. «Мен қазақтың украин қызымын» деп әзілдейді өзі.



## Тағдыр тоғыстырған тағзылым

**Баян ЖАНҰЗАҚ,**  
Атырау облысы

Татьяна түскен әулет – көпұлтты болғанымен, болмысы толықтай қазақы отбасы. Жолдасы Максимнің әкесі Набидолла – казак, ал анасы Еленаның бойында неміс пен орыс ұлтының қаны бар. Соған қарамастан, бұл шаңырақта казактың салт-дәстүрі, жөн-жоралғылары қатан сақталады. Татьяна үшін бұл орта жат емес, керісінше, өзін еркін сезінетін, қолдау табатын орынға айналған. Енесі оны келін ретінде емес, өз қызындай қабылдап, бар білгенін үйреткен. Ешқандай қысым көрсетпей, мейіріммен тәрбиелеу – Татьянаның

Татьяна үшін қазақ асханасы – жаңа қырынан ашылған үлкен әлем. Бастапқыда тек қарапайым тағамдармен таныс болса, бүгінде ұлттық ас дайындаудың қыр-сырын толық меңгерген. Ет асу, тұздық дайындау, бауырсақ пісіру, қазы қайнату сияқты казактың ұлттық тағамдарын дайындауда тәжірибе жинаған. Оның айтуынша, казак тағамдарының басты ерекшелігі – қарапайымдылығында және ерекше дәмінде. Бұл асхананың табиғилығы мен шынайылығы оны қатты таңғалдырған.

Қазак тілін меңгеру Татьяна үшін арнайы курс немесе міндет емес, табиғи процесс болған. Үлкен әулет ортасында жиі өтетін басқосулар, туыстар арасындағы ашық әңгімелер

Татьяна отбасы аясында ғана емес, қоғамдық өмірде де белсенді. Ол мәдени жобалар арқылы казак тілін насихаттап, түрлі этнос өкілінің балаларына үйретіп жүр. Оның жетекшілігімен жұмыс істейтін «Вершина» мәдени орталығында «Театр көмегімен казак тілін үйрену» атты ерекше жоба қолға алынған. Бұл бастаманың басты мақсаты – балаларға тілді құрғақ ережелер арқылы емес, өнер арқылы, сахналық қойылымдар арқылы үйрету. Қазір әртүрлі ұлт өкілінен құралған топ казак тілінде шағын спектакльдер қойып жүр.

**Оның айтуынша, қазақ халқының кеңпейілділігі тек отбасы деңгейінде емес, тарихи тұрғыдан да дәлелденген қасиет. XX ғасырда түрлі ұлт өкілі Қазақстанға күштеп қоныс аударылған кезде, қазақтар оларды жатсынбай, бауырына басқан. Осындай адамгершілік пен тектілік Татьяна түскен әулеттен де айқын байқалады.**

Сонымен қатар Татьяна есту қабілеті шектеулі жандарға арналған «Брависсимо» театрында да еңбек етіп, өнер арқылы адамдардың өміріне өзгеріс енгізуге үлес қосып келеді. Оның бұл қызметі тек тіл үйретумен шектелмей, әлеуметтік маңызы зор жұмыстардың бірі болып саналады.

Алдағы жоспарлары да ауқымды. Татьяна шөкірттерін республикалық, тіпті халықаралық деңгейдегі сахналарға шығаруды көздейді. Сонымен қатар ол казактың дәстүрлі ою-өрнек өнеріне ерекше қызығушылық танытып, болашақта оны театрмен байланыстырып, жаңа шығармашылық бағыт қалыптастыруды жоспарлап отыр.

Татьяна Капуованың өмір жолы – мәдениеттер тоғысының жарқын үлгісі. Ол өз таңдауы арқылы тек бір отбасының емес, тұтас қоғамның бірлігі мен татулығын насихаттап жүр. Оның «қазақша ойлап, қазақша сөйлейтін казактың Татьянасы болу» арманы – шынайы құрмет пен сүйіспеншіліктен туған мақсат.

оның тіл үйренуіне үлкен ықпал еткен. Сонымен қатар ол қазақ халқының дәстүрлері мен салт-жоралғылары туралы өз бетінше көп ізденген. Беташар, тұсау кесер, сәлем салу сияқты рәсімдердің мән-мағынасын түсініп, оларды құрметтеуді үйренген. Бүгінде ол тек тілдік тұрғыда ғана емес, дүниетанымдық деңгейде де қазақы ойлауға жақындағанын айтады.

Татьяна казак отбасыларындағы тең басты құндылық ретінде бірлікті ерекше атап өтеді. «Қандай жағдай болмасын, ағайын-туыстың бір-біріне демеу болуы, қиын сәтте жанынан табылуы – мені тәнті еткен қасиет. Осындай үлкен әрі ұйымшыл әулеттің бір мүшесі ретінде өзімді әркез қорғанышы бар адам ретінде сезінемін», – дейді Татьяна.



жаңа өмірге тез бейімделуіне үлкен әсер еткен.

Оның айтуынша, қазақ халқының кеңпейілділігі тек отбасы деңгейінде емес, тарихи тұрғыдан да дәлелденген қасиет. XX ғасырда түрлі ұлт өкілі Қазақстанға күштеп қоныс аударылған кезде, қазақтар оларды жатсынбай, бауырына басқан. Осындай адамгершілік пен тектілік Татьяна түскен әулеттен де айқын байқалады. Сондықтан ол қазақ жерін «қасиетті мекен» деп ерекше құрметпен атайды.

## АСТАНАДА СПОРТ ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

Астанада Қазақстан халқының бірлігі күніне орай және «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында 1 мамыр күні спорт фестивалі өтеді. Жарыс Алматы ауданындағы жаңартылған Триатлон-парк жағалауында өтеді.



Бұл туралы Астана қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

«Тұрғындардың жоғары қызығушылығы мен іс-шараға қатысуға өтініштердің көп түсуіне, сондай-ақ мереке күніне байланысты жүгіру жарыстары мен турнирлерге қатысушыларды онлайн тіркеу туралы шешім қабылданды. Онлайн тіркеу тәулік бойы ашық, қатысушылар алдын ала өтінім беріп, өзіне қолайлы бағытты тандай алады.

Жүгіру жарыстарына қатысу тегін, алайда орын саны шектеулі. Қатысушылардың жалпы лимиті – 1600 адам. Ең жоғары шекке жеткеннен кейін тіркеу автоматты түрде жабылады.

5 км қашықтыққа 10 жастан бастап қатысуға рұқсат етіледі, ал 400 метрлік балалар жарысына 6-дан 10 жасқа дейінгі балалар қатыса алады», – делінген баспасөз хабарламасында.

Сонымен қатар фестиваль бағдарламасына дене шынықтыру, командалық турнирлер, жеке жарыстар және спорттың әртүрлі түрлері бойынша ашық жаттығулар енгізілген.

Елорда тұрғындары мен қонақтары йога, street workout жаттығуларына тегін қатысып, сондай-ақ Василий Тахтай командасымен және қаланың жетекші фитнес-клубтарының кәсіби жаттықтырушыларымен бірге жекпе-жек түрлерінен көрсетілімдерді тамашалай алады.

Осы күні күштік спорт түрлері бойынша жеке жарыстар да өтеді. Тіркеу сол жерде сағат 10:30-да басталады. Қатысушыларға гір спорты, армрестлинг, брусьяда жаттығулар, турникке тартылу және салмақты уақытқа ұстап тұру бойынша бақ сынауына мүмкіндік туады.

## АБАЙ АЛАҢЫНДАҒЫ МЕРЕКЕ

Алматыда 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні кең көлемде аталып өтпек.



Әкімдіктің баспасөз қызметінің мәліметіне сәйкес, мерекенің басты оқиғасы – 1 мамыр күні күндіз Абай алаңында өтетін «Бірлігі жарасқан Алматы» достық фестивалі. Фестивальде танымал эстрада жұлдыздары мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетеді. Кешкі уақытта дәл осы алаңда Dostyk Fest концерті ұйымдастырылып, мерекелік бағдарлама жалғасады.

«Абай алаңында гастрономиялық жәрмеңке өтсе, 2 мамыр күні «Отбасы Fest» отбасылық фестивалі ұйымдастырылады. Оның аясында жылжымайтын мүлік жәрмеңкесі мен концерттік бағдарлама қарастырылған. Мереке күндері қаладағы музейлер, кітапханалар, театрлар мен жастар орталықтарында да түрлі көрмелер, концерттер, әдеби-сазды кештер мен танымдық шаралар өтеді. Бұдан бөлек, Алматының барлық ауданында мерекелік концерттер, ұлттық тағамдар жәрмеңкелері, спорттық жарыстар мен мәдени бағдарламалар ұйымдастырылады. Мәселен, Family Park, Тұңғыш Президент саябағы және Сайран көлі маңында ауқымды іс-шаралар өтеді», – делінген хабарламада.

Айгүл СЕЙІЛ



**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтай Байыржанқызы –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4734

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,